	сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру. **Мақсат-міндеттері.** Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттері.** Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. Біз көңілді балалармыз, Қатар-қатар тұрамыз, Көтереміз иықты, Бақылаймыз жан-жақты. Жүріп-жүріп асықпай, Тез өсеміз, алақай! **Далаға алып шығатын материалмен ойындар.** **Мақсат-міндеттері.** Балаларды тату ойнауға, ойыншықтарды бөлісуді үйрету. (қоршаған әлем	содан кейін тарылтуға, олардың қимылын айтылған сөздермен үйлестіруге үйрету. Үрлен, үрлен көпіршік, Үлкен болып үрленші. Үлкен болып үрлен де, Жарылмашы, түрленші. **"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттері.** Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адаспай тауып алады, Қоңырауды қолға алады. Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлатады. Педагог келесі жолы қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.	ды жинауға шақыру. **Мақсат-міндеттері.** Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. **"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттері.** Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; белгіге сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...	**Мақсат-міндеттері.** Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. **"Жалауға жүгір" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттері.** Балаларды көрсетілген белгі жалауға қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. - Балалар, жалаулармен ойнайықшы. Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап қояды. - Балалар мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, көк.) - Жарайсыңдар! - Қазір мен атаған жалауға жүгірейік. Мұқият болыңдар!	соқты!" деген кезде сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар". **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. **Жеке баламен жұмыс "Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттері.** Балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.

	мен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет, құрастыру) **Жеке баламен жұмыс «Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттері.** Алға қарай жылжи отырып, екі аяқты қосып секіруге жаттықтыру. Құм ойындары. Балаларға қалыптарды құммен толтыруға, олар ды төңкеруге, шыққан торттарын безендіруді үйрету.	Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырмалар. Үлескені сыпырып, орындықтарды сүрту. **Мақсат-міндеттер:** ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **Дербес ойын әрекеті.** **Мақсат-міндеттер:** балаларды шағын топтар мен бірлесіп, тату ойнау ға дағдыландыру; ойын шықпен жеке ойында қарапайым ойын желісін бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. **Жеке баламен жұмыс «Қазан» қазақ халқының ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттер.** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнау ға, ойын ережесін сақтау ға, бірлесіп ойын ойнау ды; лақтыру қимылын жетілдіру;көзбен мөлшер	- Қанекей, аяғымыздың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша! Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. **Жеке баламен жұмыс "Шашылған бұршақтарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттері.** Балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастарымен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.	Педагог кезегімен үш жалаудың бір түсін атап, балаларды сол жаққа бағыттайды. - Қанекей, балалар, түзу тұр! - Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір! Педагог дауыс күшін қолданады, балалардың бір-біріне соқтығысып қалмауын ескереді. **Жеке баламен жұмыс "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттері**. Алға қарай жылжи отырып, екі аяқпен бірге секіруге жаттықтыру. Балалардың ойыншықтар мен дербес ойындары.	

		леуді дамыту. Қауіпсіздік. Педагог нысананы лақтыру бағы тында ешкімнің болма ғанын қамтамасыз етеді, қауіпсіздікті қадағалайды. Құралдар: асықтар, шеңбер. Балалар көлденең тұрған нысанаға асықтарды 3 метр қашықтықтан лақтырады.			
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Ағып жатыр мөлдір су, Қане, қолды созып жу, Алақанды үйкелеп, Саусақтарменен тербелеп. (Д.Ахметова) "Үнемді тұтыну": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау. Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзімізге жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық.				

	Д. Ахметова (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет) Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға ынталандыру.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. Халық ауыз әдебиетін дегі "Әлди-әлди, ақ бөпем" бесік жырынан үзінді. Әлди-әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем! Астыңа терлік салайын, Үстіңе тоқым жабайын. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. (музыка)	Өз төсектерін салуды біледі. Аудио тыңдау Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні (музыка)	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. Балалардың тыныш ұйық тауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. «Қаршақыз» ертегісін оқып беру. (қатынас іс-әрекеті)
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан тұрғаннан кейін төсекте жатып жаттығу жасау; төсектерінен тұрмай жатып, көрпелерін ашпай жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды (төсекте жатып 2-3 минут жасалатын жаттығулар балалардың ұйқысы ашылып, сергек болуына бағытталған). Жаттығуды ұйқыдан оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. (дене тәрбиесі)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	"Отбасыда" ритмикалық жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды көркемсөздің ырғағына қимылдарды қайталап, орындауға жаттықтыру; отбасы мүшелері жөнінде ұғымдар қалыптастыру. - Отбасымда атам бар, топ-топ-топ, аяқ басар (сап түзеп бір орында тұру). - Отбасымда әжем бар, ол тәп-тәтті нан жабар (алақандарды кеуде алдында ішке қарай айналдыру). - Отбасымда әкем бар, тоқ-тоқ-тоқ кілем қағар (жұдырықпен кеудені соққылау) - Отбасымда анам бар, тап-таза қылып еденді жуар (алдыға еңкею). - Отбасымда мен де бар мын, тәртіпті бала бола мын (алақандарды кеудеге қойып, оң-солға еңкею). (тіл дамыту және	«Үй» саусақ гимнасти касы. (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Жап-жаңа үй саламыз, (қолымызбен басымызға шатыр жасаймыз). Татулықта тұрамыз. (бір қол екінші қолды алып қысады) Біздің үйде терезе бар. (саусақтарымызбен төртбұрышты жасап қараймыз). Терезеден қараймыз! (терезеден қарау). "Өз үйіңді тап" қимылды ойын. Ойыншылар 3-4 кішкен тай, ұзыншақ келген ала са орындықтарда отыра ды. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншық тар: бірінші тұрған ұзын шақ орындықта қуыр шақ, екіншісінде - ит, үшіншісінде - мысық, төртіншісінде - аю, қоян. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқау	«Үлкен және кішкентай доптар» азқимылды ойыны. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттер.** Балалардың кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, заттың көлемі туралы түсініктерін дамыту. Ойын шарты. Педагог балалармен бірге үлкен және кішкентай доптарды зерттейді. Олардың қайсы үлкен, қайсы кішкентай екенін ажыратады. Доптарды жерге шашып тастайды. Ойын басында педагог балалардан үлкен доптар ды алып келулерін және оларды себетке салуларын сұрайды. Кейін балалар кішкентай доптарды себетке жинайды. Жердегі барлық доптарды жинап болған соң, педагог бала лармен бірге доптарды себетке дұрыс салғанда рын балалармен бірге	«Ағайындылар» саусақ ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттер.** Балалардың көру және есту зейінін, қабылдауын, ойлауын, артикуляциясын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, бір сюжет өзара әрекеттесу қабілетін дамытуға ықпал ету; өзіне сенімділікке тәрбиелеу. – Бір күні екі ағайынды серуендеуге шығыпты. Олардың артынан тағы екі ағайынды келе жатты. Ең үлкені ағасы шықпады, ол бауырларын үйге шақыр ды. Оларды дастарқан басына отырғызып, дәмді ботқа берді. – Балалар, осы ағайынды лар қолымыздың бес сау сағы болып шықты. Алдымен, бес саусақтың атауларын есімізге түсірейік. Кімнің есінде? – Бас бармақ, балаң үйрек,	«Менің балаларым қайда?» музыкалық-дидактикалық ойыны. (музыка, қоршаған әлеммен таныстыру) **Мақсат-міндеттер.** Балаларға үйрек қаз, тауық және басқа құстар мен олар дың балапандарын суреттеріне қарап ажыратуды үйрету. Құралдар: төрт үлкен үлестір мелі қағаз бен бірнеше кішкен тай үлестірмелі қағаз. Үлкен қағаздарда: қаз, үйрек, тауық, басқа құс бейненленген. Ал, кішкентайларында үйректің балапандары, тауықтың бала пандары, ұядағы балапандар бейненленген. Балалар музыкалық жетекшіге қарама-қарсы жаққа жартылай шеңбер құрып отырады. Бірінші болып өз балапанда рын үйрек шақыра бастайды. (тәрбиеші үйректің суретін көрсетеді): – Менің балапандарым қайда? Қақ-қақ! Үйректің суреті бар балалар жауап береді: «Қақ-қақ! Біз осындамыз!» – деп әндетеді.

	көркем әдебиет, құрастыру) "Көпіршік" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсаты: балаларды белгі сөздерге сай қимылдауға үйрету, шеңберге тұруға, оны кеңейтуге, содан кейін тарылтуға, олардың қимылын айтылған сөздермен үйлестіруге үйрету. Үрлен, үрлен көпіршік, Үлкен болып үрленші. Үлкен болып үрлен де, Жарылмашы, түрленші.	ымен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді. Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды (секіреді, жүгіреді, жүреді). Тәрбиешінің «Жаңбыр жауа бастады» деген нұсқауымен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Ойынды қайталау барысында тәрбиеші балаларға білдірмей ойыншықтардың орнын ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін жылдам табуы керек. (сөйлеуді дамыту, дене тәрбиесі)	тексереді. (Ойынды 2-3 рет ойнатуға болады.) Сюжеттік-рөлді ойын. «Шаштараз». **Мақсат-міндеттері.** Балаларды шаштараз ойынымен таныстыру, шаштарын үнемі тарақпен тарап, әдеміленіп жүруді үйрету. Шаш өрудің әртүрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)	ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек! 1. Алақанды үстелге қоямыз. 2. Бес саусақты бір-біріне қосып ұстаймыз. 3. Шылдыр шүмек пен кішкене бөбекті оң жақ шетке жылжытайық. 4. Балаң үйрек пен ортан теректі сол жақ шетке жылжытайық. 5. Енді барлығын бас бармаққа қарай жақында тамыз. – Балалар, сендерге ботқа ұнады ма? Сендерге қандай ботқа ұнайды? Сендерге қандай ботқа ұнамайды? Дидактикалық ойын «Ботқа пісіреміз». (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) **Мақсат-міндеттері:** балаларды қасықты дұрыс ұстай отырып, саусақтарымен заттарды	Музыкалық жетекші балалардан құстардың суретін жинап алып, әңгімесін әрі қарай жалғастырады: «Балапандарының дауыстарын естіген үйрек қуанып кетеді, ол балапандарының қасына барады. Сол кезде тауық өз балапандарын шақырады: «Менің балапандарым қайда екен? Құт-құт, құт-құт!» – дейді. Ойын осылай жалғасады. Текшелермен ойын. (құрастыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Текшелер арқылы биік немесе аласа "үйлерді" салуға ынталандыру, текшелердің шеттерін, "үйді" құламайтындай түзеп отыруды көрсету. Құралдар: текшелер. Бірге үй саламыз (қол белде). Түзу тұрамыз (екі аяқ арасы алшақ) Төменнен бастаймыз (қолды алға созу), Қайта отырамыз (отыру),

				ұстауға және қол білегімен айналмалы қимылдар жасауға үйрету. Қажетті материалдар: қуыршақ, аю, ағаш қасық (шағын), балаларға арналған ыдыс-аяқ, бұршақ (асбұршақ).	Кірпішті кірпішке салып (қолдар жоғарыға).
Балалармен жеке жұмыс	**Бақтыбек Асылым** **Тілеубақ Шахназ** **"Баулармен ойнау" ойыны.** **Мақсат-міндеттері.** Қолдың ұсақ моторика сын дамыту. Тәрбиеші балаларға баулармен жұмыс істеу үлгісін көрсетеді. Педагог: - Қараңдаршы, балалар, бұның шеттерінде тесіктер бар. Сол тесіктерге бауларды	**Бақыт Айсұлтан** **Есбол Құнанбай** Ермексаздан ұсақ кесек терді үзіп алуды және дөңгелектерді илеу амалдарын игерту. "Ұсақ бауырсақтар". (мүсіндеу) **Қимылды ойын.** «Доптарды салу» **Міндеттер:** Доптарды себетке сала алады. Ойынды ұйымшылдық пен ойнай біледі. (дене тәрбиесі)	**Ербол Айлин** **Алпысбай Дарын** **"Сипау арқылы тап" ойыны.** **Мақсат-міндеттері.** Заттарды сипап-сезу арқылы тану және атауды үйрету. **Құрал-жабдықтар.** Тәрбиеші жаңа жылдық сыйлықтар туралы толық мәлімет береді. Педагог: - Балалар, Аяз ата жаңа жылдық сыйлықтарды	**Омархан Нұрлан** **Бақыт Ясина** **"Әртүрлі түстер (бірінші бөлім)" атты мультфильмін көру.** **Мақсат-міндеттері.** Балалардың негізгі түстер туралы ұғымдарының қалыптасуына ықпал ету, түстерді атауға ынталандыру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	**Нұрлан Нұрасыл** **Ербосын мариям** Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп алуды және дөңгелектерді илеу амалдарын игерту. "Қар жауды". (мүсіндеу)

	өткізу керек. Мен бауды әр тесікке бір жағынан, екінші жағынан өткізе мін. Қандай тегіс жол пайда болғанын қараң дар. Ал енді, сендер жасап көріңдер. Балалар баулармен әртүрлі оюлар жасап көреді.(сенсорика)		қапқа салып кетіпті. Сендер оларды қаптан шығармай, сыртынан сипау арқылы атауларың керек. (тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)		
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	**Құмды бақылау.** (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттер:** балаларға құрғақ құм қолдың арасынан себіліп түскенін, дымқыл құм нан әртүрлі пішіндер жасауға болатынын көр сету; құмды «құрғақ» немесе «дымқыл» деп айтуға ынталандыру, құммен тәжірибе жасату. Дымқыл құм сазбалшықтай.	**Аулаға ұшып келген құстарды бақылау.** Торғай. (қоршаған әлем мен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттері.** Аулаға ұшып келетін құстарды бақылауды, оларды "құстар" деп атауға, негізгі дене бөлік терін байқауға үйрету; құстардың қимылдары ерекшеліктерін еліктеуге ынталандыру; байқағыш тыққа тәрбиелеу.	**Ағаштарды бақылау.** (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттері.** Балаларды маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылауға, жапырақтар дың жасыл, сары түстерге боялғанын анықтау. Өсімдіктерге сүйіспенші лік танытуға бейімдеу. Қауіпсіздік.Табиғат объек тілерін бақылауда қарапа йым қауіпсіздік ережелері сақтауға ынталандыру.	**Күнді бақылау.** (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттері.** Балаларға күннің аспанда орналасқанын және жар қырайтынын байқату, күннің жылу мен жарық ты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жаю, жоғары созу, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.	Балабақша маңынан өтіп бара жатқан адамдардың, балалар дың жазғы киім киістерін бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттер:** балалардың киім туралы қара пайым түсініктерін қалыптас тыру; балалардың сөздік қор ларын белсендіру (көйлек, сарафан, шұлық, баскиім т.б.); киім түстерін сенсорлық тұрғыда қабылдауын дамыту (Қуаныш сары майка киген, Айымның көйлегі қызыл)

	Қолға алмайсың қалай? Қолға алса, домалатса, Болады құм бауырсақтай. Д. Ахметова "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері.** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнау ға ынталандыру; белгі бойынша белгілі бағытқа жүгіруді жетілдіру. Балалардың "күн" және "жаңбыр" белгі сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы тура лы білімдерін қалыптастыру. - Күн шықты - балалар ойнады. - Күн тығылды - жаңбыр жауды. "Саппен жүру жаттығуы". (дене тәрбиесі)	Қауіпсіздік.Табиғат объ ектілерін бақылауда қарапайым қауіпсіздік ережелері сақтауға ынталандыру. Балалардың ұшқан құстарға аудару. "Торғай" (ел аузынан) Торғай-торғай тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Түймедей боп монтыйып, "Шіп-шіп" десіп отырар, Торғай-торғай топтаған. Тоғайды торғай мақтаған, Бір торғай ұшса боранда, Іздеп бәрі жоқтаған. "Ұядағы балапандар" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру; арқан астынан өту, жүгіру қимылдарын	**Мақсат-міндеттер:** балаларға ағаштарды таныстыру, ағаштардың жасыл жапырақтары желпілдеп, жайқалып тұрғанын байқату; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Жанымызда биік ағаштар, Бұталарында жапырақтар. Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды, Жапырақтарын бұлғайды. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Жалауға жүгір" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл	Қауіпсіздік.Табиғат объек тілерін бақылауда қарапа йым қауіпсіздік ережелері сақтауға ынталандыру. Педагог балаларға қимыл дарды көрсетіп жатады, балалар оның соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай	"Көшедегі адамдар" (Д. Ахметова) Көшеге қара, балақай! Адамның киімі қандай? Көк шалбар, Қоңыр шалбар, Сым-шалбар, Балағы кең және тар. Қызыл көйлек, Сұр көйлек, Көбелектей Көкпеңбек. "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адаспай тауып алады, Қоңырауды қолға алады. Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлатады. Педагог келесі жолы қоңыраудың орнын

	Мақсат-міндеттері. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқ пен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көр кемсөзбен қимылдарға ынталандырады. Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова Балалардың ойыншық тармен дербес ойындары.	жетілдіру; ойынға қызығушылықты дамыту. Педагог арқанмен кеңдеу шеңбер жасайды. – Балалар, шеңбер құрып тұрайық. Мен жерге арқаннан шеңбер жасап саламын. Сендер арқан ның бойымен тізіліп, шеңбердің сыртында тұрасыңдар. – Осы арқанның іші біздің ұямыз болады. – Мен сендерге: «Торғайлар көңілді!» деген белгі берген кезде сендер бір орында секіресіңдер. «Ұяға!» белгісін бергенде сендер шеңбер ішіне секіріп кіресіңдер. Жаттығу екі рет қайталанады. "Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері.** Балалардың бір орыннан екі аяқпен алға секіру	қимылды ойындар ойнауға ынталандыру; белгі бойынша бір бағытта жүгіруді жетілдіру. Қауіпсіздік. Балалардың жүгірудегі қауіпсіздігін қадағалау. Балаларды көрсетілген белгі жалауға қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.	қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоция ларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру. Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау). Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері.** Балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттық тыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. Балалардың ойыншықтар мен дербес ойындары.	ауыстырып жасырады. "Тигізбей өт" ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері.** Балалардың жүру қимылда рын жетілдіру; қимылдарын аяқтың бұлшық еттерін дамы туға және нығайтуға арналған жаттығулар жасауға ынталан дыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу. **Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. **Мақсат-міндеттер:** балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.

		қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезім дерін дамыту. Балалардың ойыншық тармен дербес ойындары.			
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Ағып жатыр мөлдір су, Қане, қолды созып жу, Алақанды үйкелеп, Саусақтарменен тербелеп. (Д.Ахметова) "Үнемді тұтыну": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұлрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) ертегілер мазмұндары, кейіпкерлер жайында сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды (дөңгелектеу, есу, жалпақтату)				

басқалары)	жетілдіру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.				
Балалардың үйге қайтуы	"Балалардың балабақшаға үйренісуінің ерекшеліктері"	"2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері"	"Ата-ананың баланы балабақшаға әкелуі және алуы кезіндегі әрекеттері"	"Баланың қандай тағамға аллергиясы бар?"	Әңгімелесу. "Балабақша ережелері"

Тексерілді: .

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым «Ақбота» бөбекжай - бақшасы
Топ: кіші топ «Қарлығаш»
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 15.09 - 19.09.2025ж.
Педагогтің аты-жөні

Апта күндері	***Дүйсенбі 15.09.2025ж***	***Сейсенбі 16.09.2025ж***	***Сәрсенбі 17.09.2025ж***	***Бейсенбі 18.09.2025ж***	***Жұма 19.09.2025ж***
Еңбек шыққан жерден төзім де шығады. Мұхтар Әуезов					
Балаларды қабылдау	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу Қайырлы таң, ашық аспан! Қайырлы таң, кең далам! Қайырлы таң, күннің нұры! Қайырлы таң, балабақшам! Бәрі бірге айтады.	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу Армысың, Әлем! Армысың, Жарық күн! Армысың, абзал Адам! Армысың, менің досым! (тіл дамыту және көркем әдебиет)	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. “Сәлем, сәлем” (тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу «Армысың шапағатты, Күн-Ана!» Армысың шапағатты, Күн-Ана! Армысың қайырымды, Аспан-Ана! Армысың мейірімді, Жер-Ана! Құт дарыт, бар әлемді жарылқа!	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу «Достық» шеңбері. Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Табиғатты қорғаймыз. (тіл дамыту және көркем әдебиет)

	(тіл дамыту және көркем әдебиет)			(тіл дамыту және көркем әдебиет)	
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	"Баланың қимыл белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу.	"Бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар"	Жаднама: "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?"	Балаларды мәдени-гигиеналық ережелермен таныстыру.	Ата-аналарға кеңес. "Демалысты пайдалы өткізу".
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперимент алдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**«Өнегелі тәрбие»** **Еңбек:** Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, құлыншақ ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарынакөңіл аудару. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. **Міндеттер:** Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Саусақ ойыны. "Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым". **Міндеттері:** Баланың	**«Өнегелі тәрбие»** **Еңбек:** Арнаулы бұрышта тұрған Қазақстанның кәдесый жалауының түсіне, құрылымына көңіл аудару. "Пішін салғыш ойыншықпен ойын. (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттері:** Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; ойлау қабілетін, зейінін, қолдың моторикасын дамыту. Пішіндер шашылып қалды, Үйшіктеріне қонбады. Қане, барлығын жинайық, Ұяларға салайық.	**«Өнегелі тәрбие»** **Еңбек:** Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. "Пирамиданы жинау ойыны. (сенсорика) **Мақсат-міндеттері:** Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау; ойлау, қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Кім пирамиданы шашқан,	**«Өнегелі тәрбие»** **Еңбек:** Ойыншық бұрышының шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңыздылығы туралы түсіндіру. "Саусақ жаттығуы. "Бес саусақ". (тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттері:** Қолдың ұсақ моторикасын, сөйлеу тілін, жағымды эмоцияларды дамыту, ақыл-ой дамуына ықпал ету. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар,	Ұлттық сезім күні **«Өнегелі тәрбие»** **Еңбек:** Балаларды тамақ ішкенде табақшаларды, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинастыру іскерліктерін ынталандыру. Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттері:** Балалардың шығарманы суретті қарап немесе көрнекіліксіз көркем өзді тыңдауға үйрету; таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. "Кемпірқосақ" (Ш. Әлдибекұлы) Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды.

	тілін, қолдың ұсақ моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым, Соққылайды томпағым. Түймешені, түймешені, Басып, басып таппадым. Д. Ахметова (тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)	Саусақ жаттығуы: «Қуырмаш» **Міндеттер:** балалар ән сөзіне қарай қимыл жасай алады. Қолдың ұсақ моторикасы дамиды. (музыка)	Сақинаны ойнап басқан, Өткір тырнақтарын бүріп, Домалатып, айдап қашқан? Қимылды ойын. «Доптарды салу» **Міндеттер:** Доптарды себетке сала алады. Ойынды ұйымшылдықпен ойнай біледі. (дене тәрбиесі)	Әрқайсының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек.	Суретші екен табиғат, Бояуларын дайындап, Түр-түсін дәл тауыпты, Кемпірқосақ салыпты.
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені. 1. "Қасқыр мен лақ" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Еңкейіп қолды оңға-солға созамыз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды жанымызға созып түсіреміз. Демді шығарамыз. Отырып тұрамыз. Екі аяқтап секіреміз. (3 рет қайталау) 2. "Көңілді аяқтар" Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Бір дегенде орнымызда тұрып секіреміз. Екі дегенде бір орында жүреміз. Бір ... (балалар орындарында тұрып секіреді) Екі ... (балалар орындарында жүреді) (3 рет қайталау) (дене тәрбиесі)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету.				

	Қанеки, жеңді түрейік, Қолды жуып, күлейік. Құрғақтап сүртіп қолды, Орамалды орнына ілейік. "Үнемді тұтыну": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау. Айтқан тілді аламыз. Тамақ ішер алдында Тып-тыныш отырамыз! (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Күй күмбірі": "Ақ қайың" (орындаған Қаршыға Ахмедияров) «Өнегелі тәрбие»: Достық және қарым-қатынас. Тақырыбы: «Менің досым» Мақсаты: достармен қалай араласу керектігін анықтау.				
	Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. Аспанымызға "Сәлем"" айтамыз, Алтын күнге "Сәлем!" айтамыз. Балалар, біз де гүлдей болайық, Күнге қолдарымызды созайық. Д. Ахметова (тіл дамыту және көркем әдебиет)	"Көпіршік" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттер:** балаларды шеңбер құрып тұруды, оны кеңейте және кішірейте білуді, өз қимылдарын мәтін сөзіне сәйкестендіруді үйрету. Мөп-мөлдір көпіршік, Қалықта аспанда. Жарылмай ұша бер, Ешкімнен жасқанба! Балалар, баяу артқа қарай шегініп, шеңберді кеңейтеді. "Көпіршік жарылды" сөзіне балалар қолдарын түсіріп, "ш-ш-	Жылулық шеңбері (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Ашық менің жүрегім Ылғи күліп жүремін. Бірге ойнап жүретін Достарым көп, білемін!	Сәлемдесу «Армысың шапағатты, Күн-Ана!» Армысың шапағатты, Күн-Ана! Армысың қайырымды, Аспан-Ана! Армысың мейірімді, Жер-Ана! Құт дарыт, бар әлемді жарылқа! (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)	"Жаңбыр" жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) **Мақсат-міндеттер:** сөздердің айтылу жылдамдығын ажырата білуге үйрету, "тырс-тырс-тырс" деген сөздерді айтқызу, сонымен қатар әр түрлі қарқынмен: баяу, орташа, тез айтуға болады. Төбеге тамшылар тамып жатыр. ("Тырс-тырс-тырс" деген дыбыстарды орташа ырғақта айтып, дыбыстайды.) Балалар қайталайды. Жаңбыр жаңадан жауа

		ш" дыбысын дыбыстайды.			басталған кезде оның тамшылары сирек тамып, басқаша тырсылдатады. ("Тырс-тырс-тырс" деген дыбыстарды баяу, созылыңқы ырғақта, кідірістермен айтып, дыбыстайды). Балалар қайталайды. Егер жаңбыр қатты жауып тұрса, онда тамшылар төбені осылай қағып кетеді (тез қарқынмен айтылады).
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** "Аюмен бірге шеңберге тұрайық". **Мақсат-міндеттері:** Балалардың шеңберге дұрыс тұру іскерліктерін жетілдіру; дене жаттығуларын дұрыс жасай білуге машықтау; ептілік дағдылары мен эмоциялық көңіл күйді дамыту; шеңберге тұру арқылы балаларды дербестік пен жылдамдық іскерліктерін жетілдіру; шеңберге	**Музыка** "Әжемнің әні" Балаларды әже туралы әнді естеп сақтап, жағымды эмоциямен жауап беруге ынталандыру; музыка мен қимылды үйлестіре білу дағдыларын жетілдіру; ойындарда отбасы мүшелеріне қатысты түсініктерін білдіруге мүмкіндіктер жасау.	**Дене тәрбиесі** "Қояндармен бірге жүгіру". **Мақсат-міндеттері:** Балаларға шеңбер бойымен жылдам жүгіруді үйрету; шеңбердің пайда болуы үшін жасалатын қимыл түрлерін пысықтау; үлкен шеңбер жасау барысында алған түсініктерін қимыл арқылы көрсетуді үйрету. "Қоян қалай жүгіреді?" тәжірибе жаттығуы. **Мақсат-міндеттері:** Жылдам жүгіруді үйрету.	**Дене тәрбиесі** "Қоян секілді жүгірейік". **Мақсат-міндеттері:** Балаларға шеңбер бойымен жылдам жүгіруді қайталау; шеңбердің пайда болуы үшін жасалатын қимыл түрлерін пысықтау; үлкен шеңбер жасау барысында алған түсініктерін қимыл арқылы көрсету іскерліктерін жетілдіру; шеңбер жасау барысында қол және саусақ бұлшық еттерін жетілдіру; ептілік дағдыларын, сөздік	**Сурет салудан ойын-жаттығулар.** "Жаңбыр". **Мақсат-міндеттері:** Балаларға қарындашты үш саусақпен ұстап, белгіленген жерден (бұлт сұлбасының төменгі жағынан) қарындаштың ұшымен төменге қарай қысқа сызықтарды қоюды үйрету; қарындаштың ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға жаттықтыру; сурет салу іс-әрекетін педагогтің көрсеткен үлгісіне қарап жасауға дағдыландыру; жаңбыр

	тұру және жаттығуларды жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; қимылды дұрыс қайталауды үйрету. "Досымызбен жарасайық" ойыны. **Мақсат-міндеттері:** Белгі бойынша әртүрлі қимылдарды жасауды үйрету. Еске сақтау, зейінді дамыту.			қорын және эмоциялық көңіл күйін дамыту; шеңбер бойымен жүгіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, педагогтің басшылығымен жаттығуларды жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; қимыл жаттығуларын дұрыс қайталай білуге ынталандыру. "Қоян секілді секіреміз" ойыны. **Мақсат-міндеттері:** Мәтін сөздеріне сай қимылдар көрсетуді үйрету.	құбылысы жөнінде түсініктер беру. "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. Ауызша нұсқаулар бойынша қимылдар жасауды үйрету.
	Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын жаттығулар "Саңырауқұлақ". Мақсат-міндеттері: Балаларға саңырауқұлақ туралы ұғым беру; жаңбырдың саңырауқұлақтың пайда болуы мен үлкен болып өсуіне жағымды әсері туралы түсінік беру; балалардың ойын	Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Күн мен жаңбыр". Міндеттері: Балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың пайда болуы мен дыбыстық ерекшеліктері (жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту. Балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың	Жапсырудан ойын-жаттығулар "Доппен ойнаған мысық". Мақсат-міндеттері: Балаларды жапсыруға қажетті құралдар және жапсыру тәсілдерімен таныстыра отырып, желімделген домалақ пішінді бейнені жапсыруды, ажырап кетпеуі үшін оны сүлгімен басуды үйрету; қолдың ұсақ	Сенсорикадан ойын-жаттығулар "Ғажайып дорба". Мақсат-міндеттері: Балаларды үлгіге немесе сөздік нұсқауға сүйеніп, біркелкі заттарды піші және түсі сияқты сенсорлық қасиеттері негізінде жалпылауды, біріктіруді, бөлуді, тапсырмаларды орындау қабілеттерін қалыптастыру; біркелкі заттардың	"Ғажайып дорба" ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері: Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяққиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, заттардың түсін, көлемін,

	барысында жаңбыр мен саңырауқұлақ туралы алған білімдерін жетілдіру. "Саңырауқұлақтарды жинайық" дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттері: Аталған заттарды ғана себетке жинауды үйрету	пайда болуы мен дыбыстық ерекшеліктері (жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту. Балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың пайда болуы мен дыбыстық ерекшеліктері (жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту. Балалардың табиғат құбылыстары арқылы тілін, қабылдау қабілетін және еске сақтауын дамыту. "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері: Мәтін сөздеріне байланысты қимылдарды орындауды үйрету.	моторикасын, түс пен пішінді қабылдауды, танымы мен зейінін дамыту; балаларды шығармашылық еңбекке, мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу. "Допты түсіріп алма" ойыны. Мақсат-міндеттері: Допты түсіріп алмай, қолдан-қолға беруді үйрету. (дене тәрбиесі)	айырмашылықтары туралы түсінік беру. "Жалауға қарай жүгір" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері: Ереже бойынша ойнауды үйрету. Жылдам жүгіру дағдысын дамыту.	пішінін білдіретін сын есімдермен байыту; қасиеттерін тануға ынталандыру.
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Есесектің бақылауымен белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Қауіпсіздік. Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту. Бас киімді шешпейміз, Өзге учаскіге кетпейміз. Жерге түскен қоқымды Ешқашан да термейміз.				

	Құммен біз тек ойнаймыз, Аузымызға оны салмаймыз. Ұялмаймыз - Апайдан сұраймыз. (Д. Ахметова)				
Серуен	**Бақылау:** Күнді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Балаларға күннің аспанда жарқырап, барлық жерге жарық сыйлайтынын түсіндіру; балалардың жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. Қауіпсіздік. Бақылау кезінде қауіпсіздікті сақтауға үйрету, күннің көзіне тура қаратпау. **Көркем сөз:** Күн жарықты сыйлайды, Сәулелері көп, Бір аулаға сыймайды, Барлық жерге тиеді, Барлығына жетеді. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды	**Бақылау:**Аулаға ұшып келген құстарды бақылау. Торғай (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттері:** Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға) бақылауды, оларды "құстар" деп атауға, негізгі дене бөліктерін байқауға үйрету; құстардың қимылдары ерекшеліктерін еліктеуге ынталандыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік.Табиғат объектілерін бақылауда қарапайым қауіпсіздік ережелері сақтауға ынталандыру. Балалардың ұшқан құстарға аудару. **Көркем сөз:** Торғай, торғай тоқылдақ, Жерден бидай шоқып	**Бақылау:**Сұхбатханаңы бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Балаларға сұхбатхана құрылысын көрсету, бұл ойынды көлеңкеде тұрып ойнауға болатынын түсіндіру; сұхбатхана учаскенің белгілі орны екені туралы тұрақты ұғымды қалыптастыру. Күннің көзі түспейді, Күлкі жүзден кетпейді. Көлеңке орын - сұхбатхана, Бұнда ойнаймыз біз ғана. - Балалар, бұл қай жер? - Иә, сұхбатхана. - Бұл жерде ыстықта салқын, күн суықта жылы болады, жел мен жаңбыр өтпейді. Сұхбатханамыз қандай тамаша жер! **Еңбек:** Еңбекке баулу	**Бақылау:**Қоян ойыншығын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қояннның ұзын құлағы, қимылдары туралы алғашқы ұғымдар беру, педагогке еліктеуге ынталандыру, жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру. Педагог қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады. **Көркем сөз:** - Балалар, біздің қонағымызды танидыңдар ма? Бұл не? - Жарайсыңдар! Бұл қоян. - Қояннның ұзын құлақтары бар. Қоян құлықтарын былай қимылдайды. - Барлығымыз көрсетейікші.	**Бақылау:**Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Балаларға бұлтты күн туралы ұғым беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, аспандағы бұлттар сұр болса, жаңбыр жауатыны мүмкін екенін байқату. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев **Көркем сөз:** "Жауын". Жауын, жауын! Жаума! Тын! Жас балаларды Жаураттың. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **Мақсат-міндеттері:** Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;

	жинауға шақыру. **Мақсат-міндеттері:** Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. **Ойын:** "Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуді үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру. Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау). Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). **Жеке баламен жұмыс:** "Көлшіктен өт"	ап, Бөтегесі бұлтиып, Шиқ-шиқ етіп отырмақ. Торғай, торғай тоқтаған Торғайды торғай мақтаған. Бір торғай ұшса боранда, Бәрі жабылып жоқтаған. **Еңбек:** Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **Мақсат-міндеттері:** Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. **Ойын:** «Құс ұясы» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттер:** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға, ойын ережесін	тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру. **Мақсат-міндеттері:** Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Ойын:** "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адаспай тауып алады, Қоңырырауды қолға алады. Балалар жасырылған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлатады. Педагог келесі жолы	Жарайсыңдар! - Қараңдаршы, балалар, қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады. **Еңбек:** Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. **Мақсат-міндеттері:** Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. **Ойын:** "Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған	топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. **Ойын:** "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері:** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру; белгі бойынша белгілі бағытқа жүгіруді жетілдіру. Балалардың "күн" және "жаңбыр" белгі сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру. - Күн шықты - балалар ойнады. - Күн тығылды - жаңбыр жауды. **Жеке баламен жұмыс:** "Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері:** Балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтың арасын кең

	қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері:** Балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.	сақтауға ынталандыру. Педагог балаларды екі топқа бөледі, екі үлкен шеңбердің ішіне отырғызады. Педагог балаларға: «Құстар ұшады!» деген белгі бергенде, балалар шеңберден шығып, қолдарын жан-жаққа сермеп жүреді. Жерге отырып, саусақтарын тізелеріне тигізіп, жерден дән шоқып жатқандарын көрсетеді. Педагог балаларға «Құстар ұясына қонды!» деген белгі бергенде, балалар шеңбердің ішіне жүгіріп кіреді. Педагог ойын кезінде балаларға бір-бірін итеруге болмайтынын ескертеді. **Жеке баламен жұмыс:** "Саппен жүру жаттығуы". (дене тәрбиесі) Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін	қоңыраудың орнын ауыстырып қояды. **Жеке баламен жұмыс:** "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері:** Екі аяқты қосып, алға секіруге жаттықтыру. Құм ойындары. Балаларға қалыптарды құммен толтыруды, оларды төңкеруді, шыққан торттарын безендіруді үйрету. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. **Мақсат-міндеттері:** Барлығы тату ойнауға, ойыншықтарын бөлісуді үйрету.	қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды. Бері шыға ғой, қоян! Сұр құлақтармен ойна! Былай көрсет, Былай көрсет, Сұр құлақтармен ойна! **Жеке баламен жұмыс:** "Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері:** Асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауды үйрету.	қойып, жүгіру дағдысын қалыптастыру. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.

		дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркемсөзбен қимылдарға ынталандырады. Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.			
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Қанеки, қаздар, қаздар, Суға сүңгіп, шомылыңдар! Шомылып-шомылып, Жұмсақ шөпке қоныңдар! (Д. Ахметова) "Үнемді тұтыну": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау. Айтқан тілді аламыз. Тамақ ішер алдында Тып-тыныш отырамыз! (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет) Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға ынталандыру.				

Күндізгі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді. Алтын сақа ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	"Екі дос" ертегісін жағымды үнмен айта отырып, балаларды ұйықтату. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. Халық ауыз әдебиетіндегі "Әлди-әлди, ақ бөпем" бесік жырынан үзінді. Әлди-әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем! Астыңа терлік салайын, Үстіңе тоқым жабайын. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Әуенді тыңдату арқылы балаларды ұйықтауға жатқызу. (музыка)	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба» (музыка)
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан тұрғаннан кейін төсекте жатып жаттығу жасау; төсектерінен тұрмай жатып, көрпелерін ашпай жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды (төсекте жатып 2-3 минут жасалатын жаттығулар балалардың ұйқысы ашылып, сергек болуына бағытталған). Жаттығуды ұйқыдан оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. (дене тәрбиесі)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Ойын-имитация. "Қонжық". (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: Балаларды қонжық ойыншығымен таныстыру, қонжықтың қимылдарына еліктеу қабілеттерін дамыту. Шарты: педагог көрсеткен қонжықтың жүрісіне еліктеу, тақпақтың сөздерін қайталау. Қонжық, қонжық, Сылбырсың, ынжық. Маң-маңдап басып, Келесің жылжып. Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері: Балалардың шығарманы суретті қарап немесе көрнекіліксіз көркем тыңдауға үйрету; таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді,	"Жануарлар қалай дыбыстайды?" атты мультфильмін көру. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері: Бас кейіпкерлердің шығаратын дыбыстарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру. Текшелермен ойын. (құрастыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері: Текшелер арқылы биік немесе аласа "үйлерді" салуға ынталандыру, текшелердің шеттерін, "үйді" құламайтындай түзеп отыруды көрсету. Құралдар: текшелер. Бірге үй саламыз (қол белде). Түзу тұрамыз (екі аяқ арасы алшақ) Төменнен бастаймыз (қолды алға созу), Қайта отырамыз (отыру), Кірпішті кірпішке салып (қолдар жоғарыға).	Мысық ойыншығымен ойнату. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері: Балаларға көркемсөзді тыңдап, мысықтың қылықтарын байқауды, педагогтің қимылдарына еліктеуді үйрету, мазмұнындағы оқиғаларға эмоционалды жауап беруге баулу. М. Әлімбаев "Жолға отырма". Мияу, мияу, Кет, пырыш! Жолға отырма Тым-тырыс. Біздің бөпеш Жүгірер Жолда саған сүрінер.	Әтеш ойыншығымен ойнату. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері: Балаларға көркемсөзді тыңдап, әтештің қылықтарын байқап, педагогтің қимылдарына еліктеуді үйрету, мазмұнындағы оқиғаларға эмоционалды жауап беруге баулу. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Әтеш" (орыс халқының тақпағы). Тұлымшағы үлпілдек, Жібек сақал желпілдек, Әтеш, әтеш айбарлы, Әдемі алтын айдарлы, Неге ерте тұрасың? Кеңірдегің созасың? Балалардың кішкентай Неге ұйқысын бұзасың?	"Жалауша"тақпағын оқу, қимылдар жаттығуы. Мақсат-міндеттері: Балаларға Қазақстанның Туын тануды және атауды; жалауша туралы тақпақты тыңдауды, жағымды көңіл күйге бөленуді үйрету. (тіл дамыту және көркем әдебиет, құрастыру) Не деген тамаша! Қолымда таяқша, Көк, жібектей, мата, Желбіреген жалауша! Д. Ахметова

	сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. "Кемпірқосақ" (Ш. Әлдибекұлы) Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Суретші екен табиғат, Бояуларын дайындап, Түр-түсін дәл тауыпты, Кемпірқосақ салыпты.				
Балалармен жеке жұмыс	**Жолмахан Асылан Бақтыбек Асылым** Әтеш ойыншығымен ойнату. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Әтеш". Тұлымшағы үлпілдек, Жібек сақал желпілдек, Әтеш, әтеш айбарлы, Әдемі алтын айдарлы, Неге ерте тұрасың? Кеңірдегің созасың? Балалардың кішкентай Неге ұйқысын	**Дүйсенбек Дастан Ербосын Мариям** Саусақ жаттығуы. "Мөлдір су". (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тірбиесі) Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су" (орыс тілінен аударма). Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын!	**Елібай Айлуна Алпысбай Дарын** Ойын-имитация. "Қонжық". (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) Қонжық, қонжық, Сылбырсың, ынжық. Маң-маңдап басып, Келесің жылжып.	**Бержан Асылым Бахыт Айсұлтан** "Бері шыға ғой, қоян!" жаттығуы. Бері шыға ғой, қоян! Сұр құлақтармен ойна! Былай көрсет, Былай көрсет, Сұр құлақтармен ойна! (тіл дамыту және көркем әдебиет)	**Азаматұлы Даниял Шаттық Муслима** Ермексаздан бір бөлшегін үзіп немесе жұлып алу жаттығулары. (мүсіндеу)

	бұзасың?				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Ағаштарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері: Балаларды маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылауға, жапырақтардың сары түстерге боялғанын анықтау. Өсімдіктерге сүйіспеншілік танытуға бейімдеу. Қауіпсіздік.Табиғат объектілерін бақылауда қарапайым қауіпсіздік ережелері сақтауға ынталандыру. "Әткеншек" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай	Құмды бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балаларға құмның құрғақ және дымқыл күйінде екі түрлі болатынын байқату; құрғақ құмның төгілетініне, дымқыл құмнан түрлі пішіндерді жасауға болатынына көз жеткізу; іс-тәжірибе жасауға ниеттерін дамыту; зияткерлікке баулу. Дымқыл құм сазбалшықтай. Қолға алмайсың қалай? Қолға алса, домалатса, Болады құм бауырсақтай. Д. Ахметова "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: Балаларды	Ағаштарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері: Балаларды маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылауға, жапырақтардың жасыл, сары түстерге боялғанын анықтау. Өсімдіктерге сүйіспеншілік танытуға бейімдеу. Қауіпсіздік.Табиғат объектілерін бақылауда қарапайым қауіпсіздік ережелері сақтауға ынталандыру. Мақсат-міндеттер: балаларға ағаштарды таныстыру, ағаштардың жасыл жапырақтары желпілдеп, жайқалып тұрғанын байқату; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Жанымызда биік	Көлікті бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері: Балаларға көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту. Мәшинелер жүреді ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, Жақын жерге, алысқа бағыттайды. "Ұядағы балапандар" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру;	Аулаға ұшып келген құстарды бақылау. Торғай (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері: Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға) бақылауды, оларды "құстар" деп атауға, негізгі дене бөліктерін байқауға үйрету; құстардың қимылдары ерекшеліктерін еліктеуге ынталандыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік.Табиғат объектілерін бақылауда қарапайым қауіпсіздік ережелері сақтауға ынталандыру. Балалардың ұшқан құстарға аудару. Торғай, торғай тоқылдақ, Жерден бидай шоқып ап, Бөтегесі бұлтиып,

	қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен. "Өз түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсаты: кеңістікте бағдарлау, негізгі түстерді ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері: Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.	ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру; белгі бойынша белгілі бағытқа жүгіруді жетілдіру. Балалардың "күн" және "жаңбыр" белгі сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру. - Күн шықты - балалар ойнады. - Күн тығылды - жаңбыр жауды. "Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың бір орыннан екі аяқпен алға секіру қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.	ағаштар, Бұталарында жапырақтар. Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды, Жапырақтарын бұлғайды. "Көпіршік" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсаты: балаларды белгі сөздерге сай қимылдауға үйрету, шеңберге тұруға, оны кеңейтуге, содан кейін тарылтуға, олардың қимылын айтылған сөздермен үйлестіруге үйрету. Үрлен, үрлен көпіршік, Үлкен болып үрленші. Үлкен болып үрлен де, Жарылмашы, түрленші. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: Алға қарай жылжи отырып, екі аяқпен бірге секіруге жаттықтыру. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.	арқан астынан өту, жүгіру қимылдарын жетілдіру; ойынға қызығушылықты дамыту. Педагог арқанмен кеңдеу шеңбер жасайды. – Балалар, шеңбер құрып тұрайық. Мен жерге арқаннан шеңбер жасап саламын. Сендер арқанның бойымен тізіліп, шеңбердің сыртында тұрасыңдар. – Осы арқанның іші біздің ұямыз болады. – Мен сендерге: «Торғайлар көңілді!» деген белгі берген кезде сендер бір орында секіресіңдер. «Ұяға!» белгісін бергенде сендер шеңбер ішіне секіріп кіресіңдер. Жаттығу екі рет қайталанады. "Саппен жүру жаттығуы". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін	Шиқ-шиқ етіп отырмақ. Торғай, торғай тоқтаған Торғайды торғай мақтаған. Бір торғай ұшса боранда, Бәрі жабылып жоқтаған. «Құс ұясы» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға, ойын ережесін сақтауға ынталандыру. Педагог балаларды екі топқа бөледі, екі үлкен шеңбердің ішіне отырғызады. Педагог балаларға: «Құстар ұшады!» деген белгі бергенде, балалар шеңберден шығып, қолдарын жан-жаққа сермеп жүреді. Жерге отырып, саусақтарын тізелеріне тигізіп, жерден дән шоқып жатқандарын көрсетеді. Педагог балаларға «Құстар ұясына қонды!» деген белгі бергенде, балалар шеңбердің ішіне жүгіріп кіреді. Педагог ойын

				жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркемсөзбен қимылдарға ынталандырады. Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.	кезінде балаларға бір-бірін итеруге болмайтынын ескертеді. Ойын Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Қанеки, қаздар, қаздар, Суға сүңгіп, шомылыңдар! Шомылып-шомылып, Жұмсақ шөпке қоныңдар! (Д. Ахметова) "Үнемді тұтыну": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.				

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұлрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) ертегілер мазмұндары, кейіпкерлер жайында сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды (дөңгелектеу, есу, жалпақтату)жетілдіру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.				
Балалардың үйге қайтуы	"Баланың қимыл белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу.	"Бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар"	Жаднама: "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?"	Балаларды мәдени-гигиеналық ережелермен таныстыру.	Ата-аналарға кеңес. "Демалысты пайдалы өткізу".

Тексерілді:

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым «Ақбота» бөбекжай – бақшасы
Топ: кіші топ «Қарлығаш»
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 22.09 - 26.09.2025ж.
Педагогтің аты-жөні: А.Халыкова
А.Серикбаева

Апта күндері	***Дүйсенбі 22.09.2025ж***	***Сейсенбі 23.09.2025ж***	***Сәрсенбі 24.09.2025ж***	***Бейсенбі 25.09.2025ж***	***Жұма 26.09.2025ж***
Апта дәйексөзі: Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді. Леонардо да Винчи					
Балаларды қабылдау	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Нейрожаттығу ойынымен балаларды қабылдау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Әдемі әуенмен қарсы алу.	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. “Қайырлы таң” (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күймен балаларды қарсы алу. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. “Сәлем, сәлем” (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)

Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Кіші жастағы баланың есте сақтауын қалай дамытуға болады?	Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".	"Балаға айналадағы заттардың атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қоюдың ерекшеліктері".	"Ата-ананың баланы балабақшаға әкелуі және алуы кезіндегі әрекеттері"	Ата-аналарға кеңес. "Демалысты пайдалы өткізу".
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**«Өнегелі тәрбие»** **Еңбек:** Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті су құйғыш арқылы суаруды көрсету. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. **Міндеттер:** Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Саусақ ойыны. "Бас бармақ". **Міндеттері:** Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене	**«Өнегелі тәрбие»** **Еңбек:** "Топтың ішін ретке келтір". **Мақсат-міндеттер:** Балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафтарғы ойыншықтар мен құралдардың ретсіздігін байқап, тазалықты орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. «Ойыншықтар» саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамытады, тәрбиеші көрсеткендей қимылдарды орындайды, өз іс-әрекеттерін дұрыс айта білу қабілетін қалыптастырады.	**«Өнегелі тәрбие»** **Еңбек:** Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. "Қазақстан картасын көрсету. "Отан" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. **Міндеттері:** Балаларды Қазақстан картасын қабылдауға машықтандыру; Отан туралы тақпақты тыңдауға, Отан сөзін қайталауға ынталандыру. Педагог балаларға тақпақты оқығанда Қазақстан ұғымын білдіретін суретті көрсете алады. Б. Ысқақов. "Отан". Отан - сенің ата-анаң,	**«Өнегелі тәрбие»** **Еңбек:** "Ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру. Байлау ойыншығымен ойнату. **Мақсат-міндеттері:** Балаларға бау байлауды үйрету; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Құралдар: бауы байланатын ойыншықтар. Баудың ұшынан ұстайық Тесіктерден өткізейік, Әдемілеп байлайық. (тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика) Текшелермен ойын. (құрастыру, тіл дамыту	Ұлттық сезім күні **«Өнегелі тәрбие»** **Еңбек:** Балаларды тамақ ішкенде табақшаларды, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинастыру іскерліктерін ынталандыру. "Саусақ ойыны. "Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым". **Міндеттері:** Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым, Соққылайды томпағым. Түймешені, түймешені, Басып, басып таппадым. Д. Ахметова (тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)

	білу қабілетін қалыптастыру. Бас бармақ байтақ, Балаң үйрек – көмек, Ортан терек – бөлек, Шылдыр шүмек – керек, Кішкентай бөбек – көбелек, көбелек. Д. Ахметова (тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)	Іші толған бөлменің, Ойыншығым мол менің. Босқа тізіп қоймайын, Келе ғой дос, ойнайық. (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)	Отан - досың, бауырың. Отан - өлкең, астанаң, Отан - аудан, ауылың. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттері:** Текшелер арқылы биік немесе аласа "үйлерді" салуға ынталандыру, текшелердің шеттерін, "үйді" құламайтындай түзеп отыруды көрсету. Құралдар: текшелер. Бірге үй саламыз (қол белде). Түзу тұрамыз (екі аяқ арасы алшақ) Төменнен бастаймыз (қолды алға созу), Қайта отырамыз (отыру), Кірпішті кірпішке салып (қолдар жоғарыға).	
Ертеңгілік жаттығу	**Жаттығулар кешені.** 1. "Қасқыр мен лақ" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Еңкейіп қолды оңға-солға созамыз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды жанымызға созып түсіреміз. Демді шығарамыз. Отырып тұрамыз. Екі аяқтап секіреміз. (3 рет қайталау) 2. "Көңілді аяқтар" Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Бір дегенде орнымызда тұрып секіреміз. Екі дегенде бір орында жүреміз. Бір ... (балалар орындарында тұрып секіреді) Екі ... (балалар орындарында жүреді) (3 рет қайталау) (дене тәрбиесі)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету.				

	Жуамыз қолды мөлдір сумен, Сабындаймыз көпіргіш сабынмен, Сүртеміз жұмсақ орамалмен. Қуаныштымыз сен және мен. (Д. Ахметова) "Үнемді тұтыну": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау. Сиқырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз.(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Күй күмбірі": "Көктөбе" (орындаған Қаршыға Ахмедияров «Өнегелі»: Туған өлке және дәстүрлер. Тақырыбы: «Менің туған өлкем». Мақсаты: өз өлкесіне, оның дәстүрлері мен мәдениетіне деген қызығушылықты ояту.				
	Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Сәлемдесу ойыны "Менің көмекшілерім". **Мақсат-міндеттері:** Балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу. Мынау – менің жүрегім, Бәрі осыдан басталған, Мынау – басым ақылды. Бәрін осы басқарған. Мынау – менің оң қолым, Мынау – менің сол қолым. Барлық істі атқарған. (тіл дамыту және	Дидактикалық ойын «Ботқа пісіреміз». (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) **Мақсат-міндеттері:** балаларды қасықты дұрыс ұстай отырып, саусақтарымен заттарды ұстауға және қол білегімен айналмалы қимылдар жасауға үйрету. Қажетті материалдар: қуыршақ, аю, ағаш қасық (шағын), балаларға арналған ыдыс-аяқ, бұршақ	Жылулық шеңбері (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Ашық менің жүрегім Ылғи күліп жүремін. Бірге ойнап жүретін Достарым көп, білемін!	Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттері:** Балалардың шығарманы суретті қарап немесе көрнекіліксіз көркем тыңдауға үйрету; таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. «Бәйтерек». Отанымның тірегі Астанамның жүрегі. Мақтан етем өзіңді, Бәйтерегім киелі.

		көркем әдебиет, дене тәрбиесі)	(асбұршақ).		
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** "Бір, екі, үш! Жүгіреміз!" **Мақсат-міндеттері:** Балаларды шеңбер бойымен жылдам жүгіруді, шеңбердің пайда болуы үшін жасалатын қимыл түрлерін пысықтау; үлкен шеңбер жасау барысында алған түсініктерін қимыл арқылы көрсету, шеңбер жасау барысында қол және саусақ бұлшық еттерін жетілдіру; ептілік дағдыларын, сөздік қорын және эмоциялық көңіл күйін дамыту; шеңбер бойымен жүгіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, педагогтің басшылығымен жаттығуларды жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; қимыл жаттығуларын дұрыс қайталай білуге	**Музыка** "Сылдырмақтар сылдырлап". **Мақсат-міндеттері:** Балалардың сылдырмақтар туралы әуенді тыңдау және айту қабілеттерін қалыптастыру; музыканың сипатына қарай сылдырмақты сылдырлатуды үйрету; музыкалық-ырғақтық қимылдарды сылдырмақпен бірге үйлестіре білу дағдыларын қалыптастыру; жомарт күз туралы білім беру. Балалардың әуенді тыңдау арқылы зеректігі мен есту қабілеттерін дамыту; музыканың сыр-сипатына қарай сылдырмақты ырғақты ойната білу дағдыларына үйрету; сылдырмақты сылдырлатуды қимылмен үйлестіре білуге баулу. "Сылдырмақтар"	**Дене тәрбиесі** "Қазақстанның туы". **Мақсат-міндеттері:** Балаларға тура және айналма жолмен жүгіру туралы қысқаша мағлұмат беру; тура және айналма текшелерді айналып жүгіру жаттығуларымен таныстыру; балалардың жүру және жүгіру қимылдарын бақылап, қайталап көрсетуге машықтандыру. Тыныс алу жаттығулары. "Тура жолмен жүрейік" ойыны. Мақсат-міндеттері: Жаттығу тура жолмен жүру арқылы дем алу, дем шығару мақсатында ұйымдастырылады.	**Дене тәрбиесі** "Жалауды биікке көтереміз". **Мақсат-міндеттері:** Балаларға тура және айналма текшелерді айналып жүгіру жаттығуларын жасауды үйрету; балалардың жүру және жүгіру қимылдарын бақылап, қайталап көрсетуге машықтандыру; тура және айналма жолмен жүгіру барысында жылдамдық, ептілік дағдыларын дамыту, балаларда жағымды эмоциялық көңіл күй туындату; тура және айналма жолмен жүгіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, текшелерден өту жаттығуларын орындағанда достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. "Жел тұрды" жаттығуы. Мақсат-міндеттері: Сөздік нұсқау бойынша қимылдарды орындауды	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Алаша". **Мақсат-міндеттері:** Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, қысқа сызықтарды жіңішке жолақшаның сол жағынан оң жағына қарай тігінен, кезекпен, үстіден төменге қарай, бірыңғай түрде қалдыруды үйрету; қылқаламның ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне жеткізіп, келесі бастама жерге ауысып, бақылап отыруға жаттықтыру; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға дағдыландыру; педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы ілесіп отыруға талпындыру; алашаның тұрмыстағы қолданылу маңызы туралы түсінік беру. "Алаша жолымен жүрейік" рефлексиясы. Мақсат-міндеттері:

	ынталандыру. "Қоян қалай жүгіреді?" жаттығуы. **Мақсат-міндеттері:** Қимылдарды педагогке еліктеп қайталауды үйрету.	музыкалық-дидактикалық ойыны. **Мақсат-міндеттері:** Музыкалық аспаптарды дыбысынан тануды үйрету. Зейін еске сақтау, ойлау, есту қабілеттерін дамыту.		үйрету.	Жерде тізіліп жатқан таспалардан аттап жүруді үйрету.
	«Жіпті тарқат және қайта ора» ойыны. (сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру) **Мақсаты:** ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, "көз бен қолдың" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту, зейінді дамыту. Қажетті құрал-жабдықтар мен материалдар: түрлі-түсті шағын жіптер. Басыры. Балаларға жіпті тарқатып, кейін қайтадан орауды (немесе оны шпулькаға орауды)	Құрастырудан ойын-жаттығулар. "Құлыншаққа қоршау". **Мақсат-міндеттері:** Балалардың ұғымындағы кірпіш туралы түсініктерін дамыту; оның қасиеттері жөнінде алған білімдерін толықтыру; кірпіштен құлыншаққа қоршау жасауды үйрету; жасаған құрылыс үлгісіне қарап, қуаныш сезіміне бөленуге тәрбиелеу; Қазақстан туралы түсініктер беру. "Қоршау саламын" іс-тәжірибе жаттығуы. **Мақсат-міндеттері:** Кірпіштен қоршау қалауды үйрету. (құрастыру)	Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Саусақ санамағы". **Мақсат-міндеттері:** Балаларға санамақты педагогтің соңынан қайталап, саусақтарды тақпақ жолына сай атауды үйрету; отбасы мүшелерін саусақ атаулары арқылы танып, шынайы атауларын айтқызуға жаттықтыру; тақырып бойынша сөздік ойындарға белсенді қатысуға талпындыру. "Айнаға айтамын" рефлексиялы жаттығуы.	Қазақстан картасын көрсету. "Отан" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) **Міндеттері:** Балаларды Қазақстан картасын қабылдауға машықтандыру; Отан туралы тақпақты тыңдауға, Отан сөзін қайталауға ынталандыру. Педагог балаларға тақпақты оқығанда Қазақстан ұғымын білдіретін суретті көрсете алады. Б. Ысқақов. "Отан". Отан - сенің ата-анаң, Отан - досың, бауырың. Отан - өлкең, астанаң, Отан - аудан, ауылың. "Менің туған қалам" иллюстрациясын	Музыкадан ойын-жаттығулар "Әнұран жаттайық". **Мақсат-міндеттері:** Балаларды Қазақстанның Әнұранын ерекше эмоциялармен қабылдауға машықтандыру, әннің салтанатты жағдайды білдіретінін түсіндіру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенмен үйлесімді жасауға ынталандыру. "Кім жылдам қозғалады?" қимылды ойыны. **Мақсат-міндеттері:** Музыканың ырғағына қарай қимылдар жасауды үйрету.

	ұсыну. Ораудың үлгісін көрсету, қадағалау, көмек беру.			қарастыру. (тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттері:** Балаларда туған өлкесі, туған елі туралы түсініктер қалыптастыру; қабылдау, зейін, сөйлеу қабілетін дамыту. Суретте бейнеленген қаланың көрікті жерлері туралы әңгімелер.	
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Есесектің бақылауымен белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Қауіпсіздік. Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту. Біз ақылды баламыз, Мұқиятты боламыз: Апайлардың айтқанын Құлақ салып тыңдаймыз: Қызықты болса да заттарды Жерден алып көтермейміз. Жерге түскен заттар, тіпті Болу мүмкін қауіпті. Ұялмаймыз - Апайдан сұраймыз. (Д. Ахметова)				
Серуен	**Бақылау:** Жапырақтарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттері:**	**Бақылау:** Сары жапырақтарға толы ағаштарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттері:**	**Бақылау:** Желді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттері:** Балаларды	**Бақылау:** Аулаға ұшып келген құстарды бақылау. Сауысқан (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттері:**	**Бақылау:** Күзгі ауа райын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттері:** Балаларға күз мезгілі

	Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жерге түсу құбылысын байқату; күз құбылыстары жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту. Қауіпсіздік. Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру. Педагог: - Балалар, мына ағаштардан нені көріп тұрсыңдар? - Жарайсыңдар! Жапырақтарды көріп тұрмыз. - Жапырақтар жасыл ма? - Жапырақтар сары. Педагог түсіп жатқан жапырақтарға көңіл аударады. - Қараңдаршы. Жапырақтарға не болды? - Жапырақтар түсіп жатыр. **Көркем сөз:**	Балалардың көңілін жапырақтардың сары түсіне аудару, жапырақтардың түскенін байқату. Қауіпсіздік. Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру. **Көркем сөз:** Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты. **Еңбек:** Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. **Мақсат-міндеттері:** Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу. **Ойын:**	жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту; табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: жел. **Көркем сөз:** Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты. Түріп жатыр, Бүріп жатыр Солғын тартқан гүлдерді. Бірақ сары жапырақ Қалмады жерде құрап, Желге көніп, амалсыз, Ұшып жатыр, шыр айналып. **Еңбек:** Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға	Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, сауысқан, көгершін, қарға) бақылауды, оларды "құстар" деп атауға, негізгі дене бөліктерін байқауға үйрету; құстардың қимылдары ерекшеліктерін еліктеуге ынталандыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. (тіл дамыту және көркем әдебиет қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі, музыка) Қауіпсіздік.Табиғат объектілерін бақылауда қарапайым қауіпсіздік ережелері сақтауға ынталандыру. Балалардың ұшқан құстарға аудару. **Көркем сөз:** Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқаңдатқан сауысқан. **Еңбек:** Еңбекке баулу тапсырмалары:	жөнінде жалпы ұғымдар беру, күздің ауа райы бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту; табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру. - Балалар, айналаға қараңдаршы. Жапырақтар сарғайды. - Аспанға қарайық. Аспанда сұр бұлттар ұшып барады. - Адамдар жылы киінді. **Көркем сөз:** Қ. Ыдырысов "Күзім". Күзім-күзім, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық ау. **Еңбек:** Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. **Мақсат-міндеттері:** Балаларды ересектің

	М. Мақатаев "Сап-сары жапырақтар". Сап-сары жапырақтар … Сап-сары жапырақтар … Саудырап құлап жатыр атырапқа. Біреудің жанарында, Біреудің табанында, Сап-сары жапырақтар жоғалуда. **Еңбек:** Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. **Мақсат-міндеттері:** Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу. **Ойын:** "Жапырақтар" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері:** Педагог балаларды шеңберге жинап, балаларға бір	"Саябаққа шығайық" ойыны. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері:** Балаларға сапта тақпақ сөздерінің ырғағына сай (марш) адымдап жүрруді үйрету, жағымды эмоцияларды дамыту. Саябаққа шығайық, жиналайық, Сап-сары жапырақты, кел алайық, Құстарға қолмен бұлғап шақырайық, Шеңберде бірге билеп, айналайық. - Мінеки, балалар, жапырақтар біздің бау-бақшада ұшып жатыр, жерге қонып жатыр! Балаларды үстелге ертіп әкеліп отырғызу**.** **Жеке баламен жұмыс:** "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері:** Балаларға қапты нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп лақтыруды, ептілік, мергендік қабілеттерін дамыту. Балалардың	шақыру. **Мақсат-міндеттері:** Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу. **Жеке баламен жұмыс:** "Жалауға жүгір" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері:** Балаларды көрсетілген белгіге (жалауға) қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерін, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. - Балалар, жалаулармен ойнайықшы. Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап қояды. - Балалар мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, көк.) - Жарайсыңдар! - Қазір мен атаған жалауға жүгірейік. Мұқият болыңдар. Педагог үш жалаудың	балаларды гүлзарда құрап қалған жапырақтарды тазалауға шақыру. **Мақсат-міндеттері:** Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Ойын:** "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері:** Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адаспай тауып алады, Қоңырауды қолға алады. Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлатады. Педагог келесі жолы	үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу. **Ойын:** "Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері:** Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. Біз көңілді балалармыз, Қатар-қатар тұрамыз, Көтереміз иықты, Бақылаймыз жан-жақты. Жүріп-жүріп асықпай, Тез өсеміз, алақай! **Жеке баламен жұмыс:** "Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері:** Балалардың бір орыннан екі аяқпен алға секіру қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.

	жапырақтан ұстатып, көркемсөзге сай қимылдарды көрсетеді. - Қанекей, балалар, жапырақтарды ұстап, менімен бірге қимылдайық. Педагог шеңберде тұрған балаларға қолдарын жоғары көтеріп, оңға және солға шайқалу, орнында айналу, жерге шоқайып отыру, тұру, қимылдарын қайталауды көрсетеді. **Жеке баламен жұмыс:** "Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері:** Асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен), ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға	ойыншықтармен дербес ойындары.	бір түсін атап, балаларды сол жаққа кезекпен бағыттайды. - Қанекей, балалар, түзу тұр! - Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір! Педагог дауыс балалардың бір-біріне соғылып қалмауын ескереді. **Жеке баламен жұмыс:** "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері:** Алға қарай жылжи отырып, екі аяқпен бірге секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. **Мақсат-міндеттері:** Барлығы тату ойнауға, ойыншықтарды бөлісуді үйрету. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.	қоңыраудың орнын ауыстырып қояды. **Жеке баламен жұмыс:** "Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері:** Балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіру қабілетін қалыптастыру. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.	

	баулу. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Қанеки, жеңді түрейік, Қолды жуып, күлейік. Құрғақтап сүртіп қолды, Орамалды орнына ілейік. "Үнемді тұтыну": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау. Орындық, Үстел, Қасық, Ботқа. – Сен, балақай, асықпа; Тамақты шашпай, Төкпей ішеміз, Үлкен бала болып өсеміз. (Д. Ахметова) .(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға ынталандыру.				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. «Үш аю» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. (музыка)	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастырады. «Жеті лақ» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды біледі. «Бауырсақ» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)

Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. "Қолдарымыз қайда? Шығарайық алға. Жеңімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза. (дене тәрбиесі)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Саппен жүру жаттығуы. Мақсат-міндеттері: Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп.	"Ала тауық ертегісін мәнерлеп оқу. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері: Балаларды халық ертегілерін тыңдауға үйрету; кейіпкердердің қимылдарын қайталауға ынтылындыру. "Жұмыртқанын ішінде не бар?" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың қоршаған заттар туралы түсініктерін тиянақтау, түйсік, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Себеттен жұмыртқа алып, ашып ішінде не бар екенін көр. Балалар пластик жұмыртқаны ашып,	Саусақ жаттығуы. "Құлыптар". Мақсат-міндеттері: Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Саусақтарды ойнатайық, (саусақтармен жыбырлату) Бір-біріне уқалайық. (қос алақанды уқалау) Арасына өткізіп, (алақан саусақтарын бір-бірінің арасынан өткізу) Мықты құлыптар жасайық. (қос қолды жұдырыққа қысу,	"Ғажайып дорба" ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері: Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяққиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, заттардың түсін, көлемін, пішінін білдіретін сын есімдермен байыту; қасиеттерін тануға ынталандыру. "Қалашық	"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері: Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру. Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау). Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). (дене тірбиесі, тіл дамыту және көркем

	Д. Ахметова «Жіпті тарқат және қайта ора» ойыны. (сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсаты: ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, "көз бен қолдың" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту, зейінді дамыту. Қажетті құрал-жабдықтар мен материалдар: түрлі-түсті шағын жіптер. Басыры. Балаларға жіпті тарқатып, кейін қайтадан орауды (немесе оны шпулькаға орауды) ұсыну. Ораудың үлгісін көрсету, қадағалау, көмек беру.	ішінен құс бейнеленген ойыншықты тауып алады. Балалар өз құстарын атап, егер өздері атай алмаса, ересектер атап, балаларға қайталауды ұсынады. (қоршаған әлеммен таныстыру)	"құлып" жасау) (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Д. Ахметова Дидактикалық ойын «Ботқа пісіреміз». (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері: балаларды қасықты дұрыс ұстай отырып, саусақтарымен заттарды ұстауға және қол білегімен айналмалы қимылдар жасауға үйрету. Қажетті материалдар: қуыршақ, ою, ағаш қасық (шағын), балаларға арналған ыдыс-аяқ, бұршақ (асбұршақ).	құрастырамыз" ойын атрибуттары. Мақсат-міндеттері. Арнайы "лего" құрылыс бөлшектерінен қарапайым құрылыстарды құрастыруды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. "Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары. Педагог әр балаға өз үйлерін құрастырып, бәрін ортақ құрылысқа біріктіруге ұсыныс жасайды. (құрастыру)	әдебиет) "Киюді үйрену" атты мультфильмін көру. Мақсат-міндеттері. Бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; киіну тәртібін есте сақтап, дұрыс орындауға ынталандыру. (тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)
Балалармен жеке жұмыс	Нұрлан Нұрасыл Бақтыбек Асылым Ойын. "Пирамиданы құраймыз".	Бержан Асылым Есбол Құнанбай Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту	Бахыт Айсұлтан Ербосын Мариям Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша.	Уали Ақерке Азаматұлы Даниял "Менің Отаным" тақпағын мәнерлеп оқу,	Хамит Нұрасыл Елібай Айлуна "Қалашық құрастырамыз" ойын атрибуттары.

	Мақсат-міндеттері: Балалардың көңілі көтеріңкі, мінездері жайдары болуына жағдай жасау; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Түрлі түсті шеңберлерден, Пирамида құраймын, Ең үстіңгі түсті алып, Қайта кілемге шашамын. (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет)	және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері: Балалардың шығарманы суретті қарап немесе көрнекіліксіз көркем тыңдауға үйрету; таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. «Бәйтерек». Отанымның тірегі Астанамның жүрегі. Мақтан етем өзіңді, Бәйтерегім киелі.	Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова (тіл дамыту және көркем әдебиет) "Ғажайып дорба" ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері: Балалардың сөздік қорын заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың түсін, көлемін, пішінін білдіретін сын есімдермен байыту; қасиеттерін тануға ынталандыру.	қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттері: Балаларды Е. Өтетілеудің "Отан туралы" тақпағын мұқият тыңдап, педагогтің соңынан еліктеп айтуға ынталандыру. Отан туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыра бастау. Құралдар: балалардың санына қарай Қазақстанның табиғаты бейнеленген кәдесый жалаулары. Педагог балаларға тақпақты мәнерлеп оқып береді. Педагог жалаулар үлестіреді. Балалар қолдарына жалауларды ұстап тұрады, педагогке қосылады. "Менің Отаным". Отан деген – атамекен, Отан деген – туған жер. Отан – ана, Отан үлкен, Қазақстан – туған ел! (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Мақсат-міндеттері: Арнайы "лего" құрылыс бөлшектерінен қарапайым құрылыстарды құрастыруды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. "Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары. Педагог әр балаға өз үйлерін құрастырып, бәрін ортақ құрылысқа біріктіруге ұсыныс жасайды. (құрастыру)
Серуенге	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға,				

дайындық	ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Балабақша маңынан өтіп бара жатқан адамдардың, балалардың жазғы киім киістерін бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балалардың киім туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; балалардың сөздік қорларын белсендіру (көйлек, сарафан, шұлық, баскиім т.б.); киім түстерін сенсорлық тұрғыда қабылдауын дамыту (Қуаныш сары майка киген, Айымның көйлегі қызыл) "Көшедегі адамдар" (Д. Ахметова) Көшеге қара, балақай! Адамның киімі қандай? Көк шалбар, Қоңыр шалбар,	Аулаға ұшып келген құстарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері: Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға) бақылауды, оларды "құстар" деп атауға, негізгі дене бөліктерін байқауға үйрету; құстардың қимылдары ерекшеліктерін еліктеуге ынталандыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік.Табиғат объектілерін бақылауда қарапайым қауіпсіздік ережелері сақтауға ынталандыру. Балалардың ұшқан құстарға аудару. Торғай, торғай тоқылдақ, Жерден бидай шоқып ап, Бөтегесі бұлтиып, Шиқ-шиқ етіп отырмақ.	Жапырақтарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері: Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жерге түсу құбылысын байқату; күз құбылыстары жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту. М. Мақатаев "Сап-сары жапырақтар". Сап-сары жапырақтар … Сап-сары жапырақтар … Саудырап құлап жатыр атырапқа. Біреудің жанарында, Біреудің табанында, Сап-сары жапырақтар жоғалуда. "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері.	Балабақша маңынан өтіп бара жатқан адамдардың, балалардың жазғы киім киістерін бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балалардың киім туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; балалардың сөздік қорларын белсендіру (көйлек, сарафан, шұлық, баскиім т.б.); киім түстерін сенсорлық тұрғыда қабылдауын дамыту (Қуаныш сары майка киген, Айымның көйлегі қызыл) "Көшедегі адамдар" (Д. Ахметова) Көшеге қара, балақай! Адамның киімі қандай? Көк шалбар, Қоңыр шалбар, Сым-шалбар, Балағы кең және тар. Қызыл көйлек, Сұр көйлек,	Аққайыңды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері: Балалардың тірі табиғат түрі, ағаштарға қызығушылықтарын қалыптастыру; қоршаған ортадағы өсімдіктермен (аққайыңмен) таныстыру, өзге ағаштардан айырмашылығын көрсету. Қауіпсіздік.Табиғат объектілерін бақылауда қарапайым қауіпсіздік ережелері сақтауға ынталандыру. "Ақ қайың" С. Мәуленов Жапырағын күн сүйіп, Бұтағын жел тербеткен. Даласында (Волховтың) (өлке атауы), Дарқан өсіп ер жеткен. "Әткеншек" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: Балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу

	Сым-шалбар, Балағы кең және тар. Қызыл көйлек, Сұр көйлек, Көбелектей Көкпеңбек. Көрдік түрлі адамды, Оюлы киген шапанды, Сөмке ұстаған, шатырды, Жылдам басқан қадамды, Күртеше киген, Жеңін түрген, Бір-біріне Сәлем берген. "Көпіршік" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсаты: балаларды белгі сөздерге сай қимылдауға үйрету, шеңберге тұруға, оны кеңейтуге, содан кейін тарылтуға, олардың қимылын айтылған сөздермен үйлестіруге үйрету. Үрлен, үрлен көпіршік, Үлкен болып үрленші. Үлкен болып үрлен де,	Торғай, торғай тоқтаған Торғайды торғай мақтаған. Бір торғай ұшса боранда, Бәрі жабылып жоқтаған. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары. «Құс ұясы» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға, ойын ережесін сақтауға ынталандыру. Педагог балаларды екі топқа бөледі, екі үлкен шеңбердің ішіне отырғызады. Педагог балаларға: «Құстар ұшады!» деген белгі бергенде, балалар шеңберден шығып, қолдарын жан-жаққа сермеп жүреді. Жерге отырып, саусақтарын тізелеріне тигізіп, жерден дән шоқып жатқандарын көрсетеді. Педагог балаларға	Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру; белгі бойынша белгілі бағытқа жүгіруді жетілдіру. Балалардың "күн" және "жаңбыр" белгі сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру. - Күн шықты - балалар ойнады. - Күн тығылды - жаңбыр жауды. "Саппен жүру жаттығуы". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркемсөзбен	Көбелектей Көкпеңбек. Көрдік түрлі адамды, Оюлы киген шапанды, Сөмке ұстаған, шатырды, Жылдам басқан қадамды, Күртеше киген, Жеңін түрген, Бір-біріне Сәлем берген. "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адаспай тауып алады, Қоңырауды қолға алады. Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлатады. Педагог келесі жолы қоңыраудың орнын	қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен. "Ойыншықтың соңынан жүреміз" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл ойындар ойнауға ынталандыру; ересектің соңынан бір саппен бір бағытта (қорбаңдап, теңселіп, тізені көтеріп) жүре білу қабілетін жетілдіру; қимылдарды үйлесімді орындауға үйрету. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.

	қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды (дөңгелектеу, есу, жалпайту) жетілдіру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(құрастыру)** **Мақсат-міндеттер:** Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.	әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды (дөңгелектеу, есу, жалпайту) жетілдіру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(құрастыру)** **Мақсат-міндеттер:** Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.	қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды (дөңгелектеу, есу, жалпайту) жетілдіру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(құрастыру)** **Мақсат-міндеттер:** Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.	жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды (дөңгелектеу, есу, жалпайту) жетілдіру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Мақсат-міндеттер: Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.	жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды (дөңгелектеу, есу, жалпайту) жетілдіру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Мақсат-міндеттер: Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.
Балалардың үйге қайтуы	«Тамақтану рәсімін үйретудің маңызы»	«Тамақтану рәсімін үйретудің маңызы»	«Нанның құрамындағы пайдалы элементтер»	«Нанның құрамындағы пайдалы элементтер»	«Баланы мезгілге сай киіндіру және шынықтыру шаралары»

Тексерілді:

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым «Ақбота» бөбекжай-бақшасы

Топ: кіші топ «Қарлығаш»

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар.

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 20.10 – 24.10.2025ж.

Педагогтің аты-жөні: А.Серикбаева

А.Халыкова

Апта күндері	***Дүйсенбі*** ***20.10.25ж***	***Сейсенбі*** ***21.10.25ж***	***Сәрсенбі*** ***22.10.25ж***	***Бейсенбі*** ***23.10.25ж***	***Жұма*** ***24.10.25ж***
Атаңның баласы болма, адамның баласы бол. **Абай Құнанбайұлы**					
Балаларды қабылдау	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбындағы әуенді қосып қарсы алу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) BilimKids дамытушы мультфильмін қосып қарсы алу. «Қайырлы таң» (қарым-қатынас іс-әрекеті,	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбындағы әуенді қосып қарсы алу. Күн бізбен ойнайды, Күлімдеп қарайды, Шуақ жіберіп, құшақтайды, Жылуын сыйлайды. (Д. Ахметова).	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбындағы әуенді қосып қарсы алу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) BilimKids дамытушы мультфильмін қосып қарсы алу. «Қайырлы таң» (қарым-қатынас іс-әрекеті,	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Балаларды күймен қарсы алу.	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) BilimKids дамытушы мультфильмін қосып қарсы алу. «Қайырлы таң» (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)

	музыка)		музыка)		
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	«Бала қасықты қай қолмен ұстайтынын ескеру»	«Бала қасықты қай қолмен ұстайтынын ескеру»	«Есте сақтау қабілетін дамыту жаттығулары»	«Күзгі құбылыстарды атап айтқызу және байқатудың маңызы»	«Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен затын білейік»
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**«Өнегелі тәрбие»** **Еңбек:** табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті суқұйғышпен суаруды көрсету. **«Менің Қазақстаным»** Қазақстан Республикасының Гимнін орындау. **Мақсат-міндеттер:** балалардың патриоттық тәрбиесін қалыптастырады. **(музыка)** Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату.	**«Өнегелі тәрбие»** **Еңбек:** «Топтың ішін ретке келтір». **Мақсат-міндеттер:** Балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафтарғы ойыншықтар мен құралдардың ретсіздігін байқап, тазалық орнатуға қатыстыру; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. **«Балапандарды құс қорасына жинайық» ойыны.** **Мақсат-міндеттер:** Үстел	**«Өнегелі тәрбие»** **Еңбек:** балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. Балапан ойыншығымен ойнату. **Мақсат-міндеттер:** Балаларға көркемсөзді тыңдап, педагогтің соңынан балапанның қимылдарына еліктеуді, эмоционалды жауап беруге ынталандыру; балапанның тауықтың баласы екені туралы ұғымдар қалыптастыру.	**«Өнегелі тәрбие»** **Еңбек:** ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру. Пішін салғыш ойыншықпен ойын. **«Тауық» (сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру)** **Мақсат-міндеттер:** Баланың ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Пішіндер шашылып	**«Өнегелі тәрбие»** **Еңбек:** табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, аспидистраның жапырақтары жалпақ және үлкен, ұстағанда жұқа және тегіс болуын бақылау. (еңбек дағдылары) Пирамида жинау ойыны. **(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет, құрастыру)** **Мақсат-міндеттер:** Қарапайым пирамиданы үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше

	Мақсат-міндеттер: Балаларға көркемсөзді тыңдап, педагогтің соңынан балапанның қимылдарына еліктеуге, эмоционалды жауап беруге ынталандыру. Д. Ахметова «Қораз». Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. **(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет)**	үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу. сұрақ қою: **«Бұл кім (не)?», «Не істеді?»** Құстар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Баланың өз ойыншығын «балапан» деп атап, (басқа баланың қасында отырғанда немесе онымен бірге) ойыншықты үстел үстіне жүргізіп, «құс қорасына» кіргізуге ынталандыру; алғашқы әлеуметтік қатынасу қабілеттерін қалыптастыру. Педагог балаға балапан ойыншығын беріп, құрылыс материалдарынан немесе лего материалдарынан жасалған «құс қорасына» кіргізуді ұсынады. Балалар балапан ойыншығын атап жатады. Балапан ойыннан шаршады,	- Балапаным, балапан, Қайда кеттің ауладан? Суға бірге барайық, Саған бидай шашайық! Бидай шоқып ток-ток-ток, Қанатыңды соқ-соқ-соқ. **(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет)**	қалды, Үйшіктеріне қонбады. Қане, барлығын жинайық, Ұяларға сай салайық. – Тауықтың ішіне не жасырылған? – Қандай пішіндерді жинап алған? "Торғай" саусақ жаттығуы. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)** **Мақсат-міндеттер:** балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға, мазмұнына сай қимылдарды жасауға машықтандыру; сөйлеу мәнерін, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар.	құрастыруға, ойнауға мүмкіндік беру. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау; ойлау, қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Кім пирамиданы шашқан, Сақинаны ойнап басқан, Өткір тырнақтарын бүріп, Домалатып, айдап қашқан? **«Доптарды домалату» қимылды ойыны.** **Мақсат-міндеттер:** Балаларға отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалатуды

		Балапанның қарны ашты. Не айтамыз балапанға? – Анаң күтіп қапты, Бас аяқты! **(тіл дамыту және көркем әдебиет, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, қолдың ұсақ моторикасын дамыту)**			үйрету. Балалар ойынды ұйымдасып ойнайды. **(дене тәрбиесі)** «Балабақша» BilimKids дамытушы мультфильмі
Ертеңгілік жаттығу	**(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)** 1. «Керілу жаттығулары». Бастапқы қалып: аяқты бірге немесе иықтың еніне қою. Бір қолды жоғары көтеріп, екіншісін жанына қарай созады, одан кейін керісінше осы ретпен кезек-кезек қайталайды. Жаттығу баяу, ақырын жасалуы тиіс. Ырғақ: 1-2 – керілу, тыныс алу; 3-4 бастапқы қалыпқа оралу, демді сыртқа шығару. 2. «Қол мен иыққа арналған жаттығулар». Бастапқы қалып: аяқты иықтың еніне қою. Қолды иыққа қою. Қолды иыққа қарай иген күйде айналдыра қозғау. Қолын түзу ұстаған қалпы айналдыру. Бір қолды жоғары көтеріп, екіншісін кейін сермейді де, осы қимылдар бірнеше рет қайталанады. 3. «Аяққа арналған жаттығулар». Бастапқы қалып: аяқты иықтың еніне қою. Аяқтың ұшына көтерілу, қайтадан өкшемен төмен түсу. (3 рет қайталау) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)				
Таңғы ас	Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз) Айтшы, әжем, Дайын ба көжең? Еті пісті ме? Сорпасы қою ма? Жармасы ұсақ па? Картопы жұмсақ па?				

	Картопты жеймін, Сорпасын ішемін, Түгелін тауысамын, "Рақмет" айтамын. (Д. Ахметова)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» – Қазақстан Республикасының Гимнін орындау. «Күй күмбірі». Әсеттің әні «Қоңыр қаз». (орындаған Нұржан Нұрпейісов) «Өнегелі». «Менің армандарым және мақсаттарым». Тақырыбы: «Мен нені қалаймын?» Мақсаты: балалардың не қалайтындарын, не ұнататындарын анықтау.				
	Балалардың жағымды көңіл күйін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін баяу ырғақты әуенжазба қосу. Күн суық, Жаңбыр жауады. Жылы жаққа құс ұшады, Қанаттарын кең жаяды, «Қош!» – деп айтады. «Қош!» – деп айтады. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**	Балалардың жағымды көңіл күйін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін баяу ырғақты әуенжазба қосу. С.Торайғыров «Жапырақтар». Гүлдеген, біткен жапырақ, Бұтақтары салбырап, Уақыты еді жетілген Көз тартарлық балбырап. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**	Балалардың жағымды көңіл күйін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін баяу ырғақты әуенжазба қосу. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Қ.Аманжолов «Балалар — біздің болашақ». Балалар — біздің болашақ, Сүйсінеміз, сүйеміз. Бұл болашақ тамаша-ақ! Болашаққа иеміз. Көтеріп жас сәбиді, «Күлші, бөпе, күл!» — дейміз. Көңіл дария шалқиды, Балалармен гүлдейміз.	Балалардың жағымды көңіл күйін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін баяу ырғақты әуенжазба қосу. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Қ.Мырза Әли «Күз» Күз де келді, күз келді, Күдерін жаз үзген-ді. Күз де келді, күз келді, Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді, Құстар мекен іздеді. Күз де келді, күз келді, Қондырмады түзге елді. Күз де келді, күз келді,	"Торғай" саусақ жаттығуы. **Мақсат-міндеттер:** балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға, мазмұнына сай қимылдарды жасауға машықтандыру; сөйлеу мәнерін, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар.

				Керек оқу бізге енді.	
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** **«Аттап жүгірейік».** **Мақсат-міндеттер:** Балалардың заттардан аттап жүру дағдыларын жетілдіру; өткен тақырыпты қайталау; жаттығуды жасау кезінде қимыл белсенділігін арттыру; заттарды құлатпай аттап жүру дағдыларын дамыту; заттардан аттағанда қимылептілігін жетілдіру; жалпы дамыту жаттығулары арқылы балалардың тыныс алу органдарының жұмысына жақсы әсер ету. «Қаптан бидай шашамын» ойыны. **Мақсат-міндеттер:** Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру;	**Музыка** **«Күз сыйлаған топ-топ».** **Мақсат-міндеттер:** Балаларға тұлпар туралы әнді тыңдатып, оның сыр-сипаты туралы түсінік беру; кейіпкерлер арқылы музыкалық шығарманың мағынасын түсіну қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру. «Менің балапандарым қайда?» дидактикалық ойыны. **Мақсат-міндеттер:** Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. **(музыка, тіл дамыту және көркем әдебиет)**	**Дене тәрбиесі «Торғай секіреді».** **Мақсат-міндеттер:** Балаларға заттардың үстінен екі аяқпен секіруді үйрету; заттардың үстінен екі аяқпен секіру жаттығуын жасау кезінде қимыл белсенділігін қалыптастыру; заттардың үстінен екі аяқпен секіру дағдыларына жаттықтыру. Заттардың үстінен екі аяқпен секіре білу дағдыларын дамыту; заттардан аттау кезіндегі секіру қабілеттерін жетілдіру; заттарды құлатпай, екі аяқпен аттап секіруге дағдыландыру. Балаларды заттардың үстінен екі аяқпен секіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, епті, ұқыпты болуға тәрбиелеу; достық, жолдастық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; құстарды қорғау және	**Дене тәрбиесі** **«Көңілді секірейік!»** **Мақсат-міндеттер:** Педагог балалардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру үшін шабыттандыратын сөздерді пайдаланады: «Торғайға ұқсап көңілді секірейік!», «Бәріміз епті баламыз!», «Бәрекелді!», «Жарайсыңдар!» сөздерін пайдалану; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау тәсілдерін қолдану. «Көңілді секіреміз» ойыны. **Мақсат-міндеттер:** Еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 таяқшадан) аттап секіруді үйрету. Қимыл ептілігін дамыту.	Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығу. **«Көлдегі үйректер».** **Мақсат-міндеттер:** Балаларға үйрек туралы ұғым бере отырып, сөйлеу тілін, үй құстарын эмоциялық қабылдауын дамыту. «Үйректің суретін салайық» дамытушы жаттығуы. **Мақсат-міндеттер:** Үйректің суретін салуды үйрету. Зейін, есте сақтау, ойлау, сөйлеуді дамыту. (сурет салу, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) «Үйрек». Үйрекке жүзуді кім үйретті? Аулада жүруді ол сиретті. Күн шыққан кезде, Қашады өзенге

	қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Бидай шашуды және қайта жинауды үйрету. Қимылептілігін дамыту. (дене тәрбиесі)		аялау сезімін тәрбиелеу. «Маған қарай секіріңдер» ойыны. **Мақсат-міндеттер:** Еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруді үйрету.		Тереңге сүңгиді, Өзенде жүзіп жүгіріп, Кір болғысы келмейді.
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Есесектің бақылауымен белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Қауіпсіздік. Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту.				
Серуен	«Қауіпсіздік». **Бақылау:**Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)** **Мақсат-міндеттері:** Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуді үйрету. Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздікті	«Қауіпсіздік». **Бақылау:** Ұшқан құстарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, **тіл дамыту және көркем әдебиет)** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың назарын жылы жаққа ұшқан құстарға аудару; құстардың үйірге жиналып ұшатынын байқату, «құстар көп» сөздерін айтқызу; жыл құстары туралы ұғымдарды қалыптастыру.	**Бақылау:**Ақшыл бұлтты бақылау**. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)** **Мақсат-міндеттері:** Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: жел, бұлт. Балаларға көгілдір ақшыл бұлттарды байқауды үйрету; бұлттардың ақ	**Бақылау:** «Қауіпсіздік». Ұшқан құстарды бақылау. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)** **Мақсат-міндеттері:** Балалардың назарын жылы жаққа ұшқан құстарға аудару; құстардың үйірге жиналып ұшатынын байқату, «құстар көп» сөздерін айтқызу; жыл құстары туралы	**Бақылау:**Желді бақылау. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)** **Мақсат-міндеттер:** Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: жел. Балаларға, жапырақтарға қарап, желдің соғып тұрғанын байқауды

	сақтауды қадағалау. – Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Ненің дыбыстары естіліп тұр? Біреу «шиық-шиық» деген дыбыстарды шығарады. – Иә, бұл құстар шиқылдайды. – Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар! **Көркем сөз:** Мұзафар Әлімбаев «Күз келді» Сарғайды тоғай, Сап-сары маңай. Соңғы әнін айтып, Құс кетті қайтып. Айнала жым-жырт, Көк аспан сұрғылт. Балалар бас бармақтарын біріктіріп, құстың ұшқанын келтіріп, алақандарын қағады. Сұқ саусақтарымен үстел үстін қағады. **Еңбек:** Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға ағаштан түсіп қалған	Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау. – Балалар, аспанға қарайықшы. Бұл нелер? – Иә, бұл құстар. – Құстар үйірге жиналып, жылы жаққа ұшып барады. – Аспанда бір ғана құс па? – Құстар көп. Жарайсыңдар! Ескен Елубай «Құстар, қайтып келіңдер!» Құстар, қайтып келіңдер! Қимас әнге салады, Құстар қайтып барады. «Қош болыңдар!» – дегендей, Қанаттарын қағады. Сау-саламат болыңдар, Жылы жаққа ұшыңдар. – Құстар ұшып кетсе де, біздің жаққа қайтып келеді. **Еңбек:** Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауды ұсыну.	мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту. **Көркем сөз:** – Балалар, аспанға қараңдаршы. Бұл нелер? – Иә, бұлар ақ бұлттар. Ақшыл бұлттар, Құстар ұқсап қанат жаясыңдар. Ақшыл бұлттар, Қайда ұшасыңдар? **Еңбек:** Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға ағаштардан түсіп қалған жапырақтарды жинауды ұсыну. **Мақсат-міндеттер:** Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге бір іспен айналысуға дағдыландыру. **Ойын:** «Қоңырауым қайда?» **қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттер:**	ұғымдарды қалыптастыру. Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау. **Көркем сөз:** «Кел, құстарым» (Д. Ахметова) Суық күнде қыстағы, (Алақандарды өзара ұқалау) Азықтарың аз болды. (Қолдарды жан-жаққа жаю, иықты көтеріп түсіру) Шиіп-шиіп, кел, құстарым, (Отыру, қолды алға созу, саусақтармен жыбырлату) Жем беремін уыстап. (Тұрып, шапалақтау) **Еңбек:** Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға самалжайды өсімдік қоқыстарынан тазалау. Мақсат-міндеттер. Балаларды қарапайым	үйрету; байқампаз, зерек болуға тәрбиелеу. **Көркем сөз:** Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты. Д. Ахметова **Еңбек:** Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинату. **Мақсат-міндеттер:** Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге бір іспен айналысуға дағдыландыру**. Ойын:** «Қаздар» қимылды ойыны**. (дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттер:** Серуенде қимылды ойындарға қатысуға

	құрғақ бұтақтарды жинауды ұсыну. **Мақсат-міндеттер:** Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге бір іспен айналысуға дағдыландыру. **Ойын:** «Кім тыныш?» қимылды ойыны. **(дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттер:** Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру. Балаларға бір бағытта аяңдап жүруді үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға	**Мақсат-міндеттер:** Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге бір іспен айналысуды үйрету. **Ойын:** «Қаздар» қимылды ойыны. **(дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттер.** Қимылдарды үйлесімді орындауды, кейбір кейіпкерлердің (қаздар) қарапайым әрекеттерін жеткізе білуді үйрету. Балаларды көркемсөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруді үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді:	Шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Балалардың белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруін жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адаспай тауып алады, Қоңырауды қолға алады. Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлатады. Педагог келесі жолы қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады. **Жеке баламен жұмыс:** «Аюдың орманында» қимылды жаттығуы. **(дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттер:** Ересектермен бірге қимылдары жеңіл,	еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ескен Елубай «Құстар». Құстар, қайтып келіңдер! Қимас әнге салады, Құстар қайтып барады. «Қош болыңдар!» - дегендей, Қанаттарын қағады. Сау-саламат болыңдар, Жылы жаққа барыңдар. – Барлығымыз құстарға «бізге келіңдер» деп айтайықшы. Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауды ұсыну. **Мақсат-міндеттер:** Балаларға ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге	және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Қимылдарды үйлесімді орындауды, кейбір кейіпкерлердің (қаздар) қарапайым әрекеттерін жеткізе білуді үйрету. Балаларға көркемсөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруді үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуды үйрету. Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: «Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға

	ынталандыру. – Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... – Қане, балалар, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ... – Бұл жақта не бар екен? – Тамаша! Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. **Жеке баламен жұмыс:** «Өткеншек» қимылды ойыны. **(дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)** **Мақсат-міндеттер:** Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық	«Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Менен «бидай шаш» сөздерін естігенде, балалар, маған қарай қолдарыңды былай жайып бұлғап жүгіресіңдер. Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог қарама-қарсы жерге барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Бұнда балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. **Көркем сөз:** С. Бегалин «Қазым». Қазым, қазым, қалқылда, Көлде жүзіп салқында. Жем шашайын, жейсің бе, Кәмпит берші дейсің бе? – Жоқ, жоқ, Кәмпит, тәтті болмайды ас, Арпа менен бидай шаш.	мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарын кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. **(дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттері:** Балаларға қапты нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп лақтыруды, ептілік, мергендік қабілеттерін дамыту. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.	әрекет етуге баулу. **Ойын:** «Қораз» қимылды жаттығуы. **(дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттер:** Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Балаларды қораз (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі санын сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру. Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді. – Балалар, мен қандай құсты көрсетемін? – Иә, бұл қораз. Жарайсыңдар! – Қанекей, балалар,	болады. Мен «бидай шаш» сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап жүгіресіңдер. Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақтау қарама-қарсы жаққа барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. С. Бегалин «Қазым». – Қазым, қазым, қалқылда, Көлде жүзіп салқында. Жем шашайын – жейсің бе, Кәмпит берші дейсің бе? – Жоқ, жоқ, Кәмпит, тәтті болмайды ас, Арпа менен бидай шаш. **Жеке баламен жұмыс:** «Тегіс жолмен жүреміз»

	қайталауға ынталандыру. Қимылдарды үйлесімді орындауды үйрету. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.	**Жеке баламен жұмыс:** «Көлшіктен өт» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіру білігін қалыптастыру; дене тепе-теңдігін сақтау, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.		менің соңымнан қайталайықшы, қораз сияқты қимылдайық. Д. Ахметова «Қораз». Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. – Жарайсыңдар! – Балалар, қораз қалай дыбыстайды? – Иә, қораз «ку-ка-ре-ку» дейді. «Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы. **(дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттер:** Алға қарай жылжи отырып, екі аяқты қосып секіруге жаттықтыру. **Жеке баламен жұмыс:** «Шеңберден шықпа» жаттығуы. **(дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттер:** Балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен жүріп	ойын жаттығуы. **(дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттер:** Алға қарай жылжи отырып, екі ақпен бірге секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсат-міндеттер. Балаларға ойыншықтарға таласпай, барлығы тату ойнауды үйрету. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.

				қимылдауды үйрету; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.	
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартамын, Тамақты тауысып жеймін (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз) Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға ынталандыру.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау (мәдени-гигиеналық дағдылар). "Әлди - әлди" әні. Көзімнің ағы-қарасы, Жүрегімнің парасы, Уайым-қайғы ойлатпас, Көңілімнің сапасы. Айналайын, шырағым! Көлге біткен құрағым! Маңдайдағы құндызым, Аспандағы жұлдызым.	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы музыка тыңдау. **(музыка)**	Киімдерін орындыққа ұқыпты іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Мұрагер» ертегісін оқып беру. **(көркем әдебиет)**	Киімдерін орындыққа ұқыпты іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Бір үзім нан» ертегісін оқып беру. **(көркем әдебиет)**	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастырады. «Жеті лақ» ертегісін оқып беру**. (көркем әдебиет)**

Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев «Мөлдір су» (орыс тілінен аударма). Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын! (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**«Қайырлы таң!»** мультфильмін көру. **Мақсат-міндеттер:** Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастар қасында жүріп, үй жануарлары мен құстарды ажырату, атау қабілеттерін қалыптастыру. «Қораз» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Балаларға қораздың (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі санының	**Ойын-имитация.** «Балапандар». **(дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)** **Мақсат-міндеттер:** Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазуды үйрету. Түйсікті, эмоцияларды дамыту. Балаларға балапандар маскаларын кигізу. – Балапандар! Балапандар! (орнында адымдау) Қалыспаңдар! Қайталаңдар! (орнында	**«Балапандар» жаттығуы. (дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттер:** Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазуды үйрету. Түйсікті, эмоцияларды дамыту. Балаларға балапандар маскаларын кигізу. – Балапандар! Балапандар! (орнында адымдау) Қалыспаңдар! Қайталаңдар! (орнында адымдау)	**«Бұлттар ұқсап ұшайық» қимылды ойыны.** **Мақсат-міндеттер:** Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару.	**«Қуыршақтар»** сюжетті-рөлдік ойыны. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)** **Мақсат-міндеттер:** Қарапайым сұрақтарға және неғұрым күрделі сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету; белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу. Әртүрлі ыдыс-аяқ түрлері туралы білімдерін бекіту, ыдыс-аяқты мақсатына сай пайдалану дағдысын

	сыртынан соққылауды (ақырын) үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру. Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді. – Балалар, мен қандай құстың қимылдарын көрсеттім? – Иә, қораз деген құс. Жарайсыңдар! – Балалар, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық. Д. Ахметова «Қораз». Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. – Жарайсыңдар! – Балалар, қораз қалай дыбыстайды? – Иә, қораз «ку-ка-ре-ку» дейді.	адымдау) Қатарларға тұрайық, (аяқтар иық енінде, қол белде) Тезірек қанат қағайық. (тізе сәл бүгулі, алақанмен жамбасын қағу) Оңға созып мойынды, (қолдар белде, оңға еңкею, мойнын созу, екінші аяқты түзу тұр) Солға созып мойынды, (қолдар белде, солға еңкею, мойнын созу, екінші аяқты түзу тұр) Екі аяқта тұрып, Бір созайық мойынды, (аяқтың ұшына тұру, мойынды жоғары созу) Мүсіндеуден жаттығуы. "Құстарға жем". **(мүсіндеу, қоршаған ілеммен таныстыру)** **Мақсат-міндеттер:** Кесектерді үзіп-жұлу, дөңгелектеу техникаларын бекіту; белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді жасауға	Қатарларға тұрайық, (аяқтар иық енінде, қол белде) Тезірек қанат қағайық. (тізе сәл бүгулі, алақанмен жамбасын қағу) Оңға созып мойынды, (қолдар белде, оңға еңкею, мойнын созу, екінші аяқты түзу тұр) Солға созып мойынды, (қолдар белде, солға еңкею, мойнын созу, екінші аяқты түзу тұр) Екі аяқта тұрып, Бір созайық мойынды, (аяқтың ұшына тұру, мойынды жоғары созу) **(құрастыру, дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)** «Не, қалай дыбыстайды?» дидактикалық ойыны. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)** **Мақсат-міндеттер:** Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға), үй	Қ. Мырза Әли «Аспанда». Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. Педагог: – Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар. – «Қатты жел соқты!» деген сөзімді естігенде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап «ұшасыңдар». **(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)** Жапсырудан жаттығулар. "Ұшқан құстар". **(жапсыру, қоршаған әлеммен таныстыру)** **Мақсат-міндеттер:** Жапсыруға қызығушылықты ояту.	қалыптастыру; тамақтану кезінде өзін әдепті ұстау мәдениетін тәрбиелеу. Құстар туралы тақпақтарды айту жаттығулары. **(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттер:** Қимылдарды үйлесімді орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге үйрету; педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Ескен Елубай «Құстар, қайтып келіңдер!» Қимас әнге салады, Құстар қайтып барады. «Қош болыңдар!» – дегендей, қанаттарын қағады. Сау-саламат болыңдар, Жылы жаққа барыңдар. "Торғай" (ел аузынан) Торғай-торғай тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып,

		ынталандыру.	құстарын (тауық, қаз, үйрек), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Балаларды құстардың дыбыстарын айтуға ынталандыру; құстарды ажыратуды үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. Педагог балаларға тырна мен торғай дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерін айтқызады. Кейін аудиожазбаны тыңдатқанда балалар тырналарды «у-у-у», торғайларды «шиық-шиық» деп дыбыстайды.	Фланелеграфта құстар бейнелерін орналастыруға ынталандыру.	Түймедей боп монтыйып, "Шіп-шіп" десіп отырар, Торғай-торғай топтаған. Тоғайды торғай мақтаған, Бір торғай ұшса боранда, Іздеп бәрі жоқтаған.
Балалармен жеке жұмыс	**Ербосын Мариям** **Бахыт Айсұлтан** Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату. Д. Ахметова «Қораз». Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара,	**Бержан Асылым** **Бақтыбек Асылым** Саусақ жаттығуы. «Балапан». Сап-сары ойыншық, Дыбыстайды: «Шиық-шиық». Балапан, жүні үлпілдек, Тынымсыз, тентек. **(тіл дамыту және көркем**	**Хамит Нұрасыл** Балапан ойыншығымен ойнату. Балапаным, балапан, Қайда кеттің ауладан? Суға бірге барайық, Саған бидай шашайық! Бидай шоқып тоқ-тоқ-тоқ, Қанатыңды соқ-соқ-соқ.	**Елібай Айлуна** «Құстарға жем». Ермексаздан көлемі бірдей кесектерді үзу, ұсақ жем түйіршіктерін илеу амалын игерту. (мүсіндеу, көркемсөз) Құс ұясын бұзбаңдар, Балапанын алмаңдар.	**Алпысбай Дарын** **Азаматұлы Даниял** «Торғай» саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балаларды тақпақты мәнерлеп оқуға, мазмұнына сай қимылдарды жасауға машықтандыру; сөйлеу

	Бұршақ берем мың дана. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**	**әдебиет)**	**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**	Құстар біздің досымыз, Обалына қалмаңдар.	мәнерін, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Тойған қозыдай монтайып, «Шіп-шіп» десіп отырар. Балалар бас бармақтарын біріктіреді, құстың ұшқанын келтіреді, алақандарын қағады. Сұқ саусақтарымен үстел үстін қағады. **(тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)**
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тіс тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Есесектің бақылауымен белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Қауіпсіздік. Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту.				
Серуен	«Қауіпсіздік», «Экология». Гүлзарлардағы солып бара жатқан өсімдіктерді	Күзгі күн райын бақылау. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**	Бұлтты аспанды бақылау **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**	«Қауіпсіздік». Сары жапырақтарды бақылау **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту**	«Қауіпсіздік». Топырақты бақылау. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту**

	бақылау. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)** **Мақсат-міндеттері:** Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру; солған гүлдерге назар аудару. Өсімдіктерді ауызға салмауды қадағалау. Өсімдік тұқымдарын жинап, қайта пайдалану жайында әңгімелеу. Күзде гүлдердің, өсімдіктердің солып тұрғанын түсіндіру. «Өз орныңды тап» қимылды ойыны. **(дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттер:** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балаларды сапқа (түзу сызық, жіптің бойымен) белгі бойынша тізілуге және жан-жаққа шашырап	Мақсат-міндеттер: Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күзгі күн бұлтты, салқын болатынына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту. Педагог: – Айналаға қараңдаршы, балалар, жапырақтар сарғайды. – Аспанға қараңдаршы, балалар, аспанда сұр бұлттар ұшып барады. – Адамдарға қараңдаршы, балалар, ауа салқын, адамдар жылы киінді. Қ. Ыдырысов «Күзім». Күзім-күзім, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық-ау. «Жалауға қарай жүгір» қимылды ойыны **Мақсат-міндеттер:**	Мақсат-міндеттер: балаларға бұлтты күн туралы ұғым беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, аспандағы бұлттар сұр болса, жаңбыр жауып қалуы мүмкін екенін түсіндіру. Ойлау, сөйлеу, зейін, байқампаздықты дамыту. Көркемсөз. Х. Ерғалиев, М.Әлімбаев «Жауын» Жауын, жауын! Жаума! Тын! Жас балаларды Жаураттың. «Балапандар» қимылды ойыны. **(дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттер:** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру; қимылдарын қайталауды үйрету. Дене қимылдарының икемділігін, сөйлеу тілін	**және көркем әдебиет)** **Мақсат-міндеттер:** Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Балалардың назарын сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жерге түсу құбылысын байқату; күзгі құбылыстар жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту. Жапырақтарды ауызға салмауды қадағалау. М. Әлімбаев «Үшты талдан жапырақ» Үшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секірді. Балаларға көркемсөз жолдарында айтылған жапырақтарды ағаштан көріп, жерге түсетінін байқауға қызықтыру. «Күн мен жаңбыр» қимылды ойыны**. (дене**	**және көркем әдебиет)** **Мақсат-міндеттер:** Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну. Топырақты ауызға салмауды қадағалау. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысатынын көрсетуі мүмкін. – Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлеп қалады. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік. – Балалар, топырақта індер болады. Інде нелер жысырынды? Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауды ұсыну. Мақсат-міндеттер: Балаларды ересектің

	жүгіруге дағдыландыру. «Домалат, қуып жет!» қимыл-қозғалыс ойыны. **Мақсат-міндеттер:** Балаларға допты түзу бағытта домалатып, оны күшпен итеруді, оның қозғалыс траекториясын көзбен бақылауды үйрету. Барысы. Бала допты қолына алып, белгіленген орынға (бау, түрлі түсті дөңгелек) тұрады да, өлең сөздеріне сәйкес қимыл жасайды. Біздің доптар көңілді (допты екі қолмен итереді) Алысқа қарай беттеді (қай жаққа домалайтынына қарайды), Оны қуып жетейік (доптың артынан жүгіріп, оны қуып жетеді). Кетуіне жол бермейік (бала допты жоғары көтеріп: «Ұстадым!» деп айғайлайды) Доптың диаметрі кішкентай (диаметрі 5-8	Балаларға аталған бағытқа қарай жүгіруді үйрету. Ойлау, есту, есте сақтау, қимыл ептілігін дамыту. Құралдар: сары және көк жалаушалар. Шарты. Балалар ойынды екі топқа бөлініп ойнайды. Педагог балаларға жалаудың түсін атап, сол бағытқа жүгіру керектігін түсіндіреді. Педагог: – Балалар, мен ойын алаңының әр шетіне көк және сары жалау іліп қоямын. Мен сендерге жалаудың түсін атаймын, сендер сол жалаудың қасына жүгіріп барыңдар. Ойынды бастайық. Бір, екі, үш! Педагог қатты айғайламауы керек. Балалар жалаудың түсіне зер салып, сол жалау тұрған бағытқа жүгіреді. Ойын кезінде балаларды мақтап, қолдап отырған дұрыс.	дамыту. Балаларға балапанның суреті салынған бетперделер таратылады. – Балалар, қазір сендер балапан боласыңдар. Балапандар тауық қорада отырады. Балаларды орындықтарға отырғызу. – Балапандарым, аулаға шығыңдар. Тәрбиеші балаларды ойын алаңына шақырады. – Балапандар аулада аяқтарын жоғары көтеріп жүреді. Қалай жүреді? Көрсетіңдер. Қанаттарын жан-жаққа сермеп, ары-бері жүгіреді. Қалай жүгіреді? Көрсетіңдер. Жерден бидайды шоқып жейді. Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ! Қанаттарын жан-жаққа сермеп, ары-бері жүгіреді. Жарайсыңдар! Қимылдарды қосылып көрсетіп жүру. – Балапандар! Анау жақта үлкен құс ұшып келе	**тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттер:** Балалардың қимылды ойындарға қызығушылықтарын ояту. Ауызша нұсқаулар бойынша қимылдар жасауды үйрету. Балаларға ырғақтары (жылдам, баяу) әртүрлі екі әуен кезекпен естіледі. (смартфоннан қосуға болады) Біреуі – күннің шыққаны, екіншісі – жаңбырдың жауғаны. Қолшатыр пайдаланылады. Ойын екі рет ойнатылады. – Балалар, жаңбырдан қолшатырдың астына тығылуға болады (қолшатырды көрсету). – Аспанға күн шықты, балалар ойнай бастады. – Күн бұлттарға тығылды, жаңбыр жауды. «Өз орныңды тап» қимылды ойыны. **(дене**	үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. «Кім тыныш?» қимылды ойыны. **(дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттер:** Аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру. Балаларға бір бағытта аяңдап жүруді үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; белгіге сай қозғалуға ынталандыру. – Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш?

	см) болса, яғни, оң не сол қолымен кезектесіп немесе үлкен болса (диаметрі 18-20 см), екі қолымен домалата алады. Ереже: бала допты домалатпас бұрын түзу қарайды. Доптың артынан бірден жүгірмейді, сөзбен берілетін белгіні күтеді. Еңбекке баулу тапсырмалары: серуенге шығарылған ойыншықтарды жинау. (еңбекке баулу) **Мақсат-міндеттер:** Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. (қоршаған әлеммен таныстыру) Балалардың дербес ойындары. Ойыншықтармен заттық-бағдарлық әрекеттерді, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға	Еңбекке баулу тапсырмалары: серуенге шығарылған ойыншықтарды жинау. (еңбекке баулу) **Мақсат-міндеттер:** Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Балалардың дербес ойындары. Ойыншықтармен заттық-бағдарлық әрекеттерді, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу, қызығушылықтарды арттыру.	жатыр! Қораға қарай жүгіріңдер! Балалар бір-біріне соғылмай, өз орындарын тауып отыруы үшін асықтыруға болмайды. Ойын екі рет өткізілуі мүмкін. Еңбекке баулу тапсырмалары: серуенге шығарылған ойыншықтарды жинау. (еңбекке баулу) **Мақсат-міндеттер:** Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Балалардың дербес ойындары. Ойыншықтармен заттық-бағдарлық әрекеттерді, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу, қызығушылықтарды	**тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттер:** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балаларды сапқа (түзу сызық, жіптің бойымен) белгі бойынша тізілуге және жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру. Еңбекке баулу тапсырмалары: серуенге шығарылған ойыншықтарды жинау. (еңбекке баулу) **Мақсат-міндеттер:** Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Балалардың дербес ойындары. Ойыншықтармен заттық-	Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... – Балалар, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ... – Бұл жақта не бар екен? – Тамаша! Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. Еңбекке баулу тапсырмалары: серуенге шығарылған ойыншықтарды жинау. (еңбекке баулу) **Мақсат-міндеттер:** Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Балалардың дербес ойындары. Ойыншықтармен заттық-

	баулу, қызығушылықтарды арттыру.		арттыру.	бағдарлық әрекеттерді, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу, қызығушылықтарды арттыру.	бағдарлық әрекеттерді, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу, қызығушылықтарды арттыру.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, сипаттама беру; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **Мақсат-міндеттер:** Ересектердің сөзін түсінуді, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауды, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және күрделірек (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) ертегілердің мазмұндары, кейіпкерлер жайында сұрақтарға жауап беруді, өз ойын айтуды үйрету. **(коммуникативті дағдылар, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)** Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. **(музыка)** **Мақсат-міндеттер:** Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойымен қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. **(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)** **Мақсат-міндеттер:** Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды (дөңгелектеу, есу, жалпайту) жетілдіру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар**. (құрастыру)** **Міндеттер:** Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, сипаттама беру; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **Мақсат-міндеттер:** Ересектердің сөзін түсінуді, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауды, қарапайым сұрақтарға (Кім?				

	Не? Не істейді?) және күрделірек (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) ертегілердің мазмұндары, кейіпкерлер жайында сұрақтарға жауап беруді, өз ойын айтуды үйрету. **(коммуникативті дағдылар, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)** Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. **(музыка)** **Мақсат-міндеттер:** Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойымен қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. **(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)** **Мақсат-міндеттер:** Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды (дөңгелектеу, есу, жалпайту) жетілдіру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(құрастыру)** **Міндеттер:** Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.				
Балалардың үйге қайтуы	«Бала қасықты қай қолмен ұстайтынын ескеру»	«Бала қасықты қай қолмен ұстайтынын ескеру»	«Есте сақтау қабілетін дамыту жаттығулары»	«Күзгі құбылыстарды атап айтқызу және байқатудың маңызы»	«Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен затын білейік»

Тексерілді:

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) «Ақбота» бөбекжай - бақшасы
Топ: кіші топ «Қарлығаш»
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар.
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 28.10 - 31.10.2025ж.
Педагогтің аты-жөні: А.Халыкова
А.Серикбаева

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Әділдік бар жерде татулық та бар, татулық бар жерде бақыт та бар.					
	Тыныс алып, үлгерейік. Тыныс алып болайық, Қадам басып, тоқтайық ... (Д. Ахметова) **Өз бетімен ойналатын ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру)** Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдау. **Жеке баламен жұмыс "Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)** **Мақсаты:** балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.	отырып, негізгі қимылдарды (жүру, секіру) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру). Балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. **Өз бетімен ойналатын ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру)** Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдау. **Жеке баламен жұмыс "Шашылған қарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттері.** Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (домалату) жетілдіру. Балаларды	Оп-оп! Шапалақ! Секір, секір! Шапалақ! Жаттығу бірнеше рет қайталанады. **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Бәйге» қазақ халқының ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға, ойын ережесін сақтауға, бірлесіп ойын ойнауды; негізгі қимылдың түрі жүгіруді жетілдіру; көзбен мөлшерлеуді дамыту. Қауіпсіздік. ПедагОг балалардың бір-біріне соғылмауын, қауіпсіздікті қадағалайды. **Өз бетімен ойналатын ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру)** Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдау.		

		шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.	**Жеке баламен жұмыс** **"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.** **(дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттері.** Алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойын ойнау. Мақсат-міндеттері. Барлығы бірлесіп ойнауға, ойыншықтарын бөлісуді үйрету.		
Серуеннен оралу	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіруді қалыптастыру. Сөздік қорды қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу).Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуам мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сүртемін. Тап - таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін. Тусипжанова-Шагирова А.				
Түскі ас	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыруды үйрету. Ас ішу құралдарын дұрыс ұстауға үйрету. Балалардың тәбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру.				

	Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға ынталандыру.				
Күндізгі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Ақша иісі» ертегісін тыңдату. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Атасының тақиясы» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка)		
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) Біртіндеп оянудың жағымды жағдаяттарын ұйымдастыру. Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторларды (ауаны) пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру.Ояндық па бәріміз? Бір-бірімізге қараймыз. Күлімдейміз бәріміз. Керіліп созылып, Ақырын қане тұрамыз. Орнымызда жүреміз, Енді доп болып секіреміз. Адымдап жүреміз.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа	**"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану).** **(дене тәрбиесі)** **"Табиғат бұрышы"** **Мақсат-міндеттер.** Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Алғашында педагог балаларға	**«Қайда болу керек?» мультфильмін қарау.** **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)** **"Табиғат бұрышы"** **Мақсат-міндеттер.** Балалардың зейінін дамыту; заттардың орналасқан жерін байқауға, бір сөзбен қоңырау шалуға немесе саусақпен көрсетуге, «бар», «мұнда» сияқты сөздерді қолдануға	**"Бір және көп ойыншықтар" ойын-жаттығуы.** **(тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)** **Мақсат-міндеттері.** Балаларды зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне		

ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді. - Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін. - Қарға не біолды? - Иә, қар ұшып кетті. - Ұзақ уақыт қалықтар, Жау, жау енді, Мамық қар! Қ. Мырзалиев Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді. Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес. **"Күн райы" атты мультфильмін көру.** **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)** **Мақсат-міндеттері.** Балаларға ауа райының негізгі құбылыстарын байқауды, ажыратуды үйрету; атауларын атауға ынталандыру; ойлау қабілетін дамыту.	шақыру; кеңістікті бағдарлаудың негізін қалау. **Құрылыс матермалдармен ойындар. "Мұнара"** **(қоршаған әлеммен таныстыру, құрастыру, тіл дамыту)** **Мақсат-міндеттері.** Заттарды және олармен әрекеттерді атау, заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу. Қарапайым ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Сөз тіркестерін құра білуге (зат есім + етістік).	байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау. Құралдар. Түсі, пішіні, көлемі, саны әртүрлі ойыншықтар. Жауаптың мысалы. Бір доп – көп доптар. Бір дөңгелек доп – көп дөңгелек доптар. Бір қызыл доп – көп жасыл доптар. Бір үлкен доп – көп кішкентай доптар. **"Музыкалық суреттер" дамытушы ойын-жаттығуы.** **(музыка, тіл дамыту және көркем әдебиет)** **Мақсат-міндеттері.** Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау Құрал-жабдықтары. Сипаты әртүрлі әуен жазбалары, заттық суреттер немесе ойыншықтар.		
Балалармен	**Ербол Айлин**	**Бақыт Айсұлтан**	**Мұхтар Алдияр**		

жеке жұмыс	**Елібай Айлуна** **Саусақ жаттығуы. "Міне, міне, қар жауды".** **(тіл дамыту және көркем әдебиет)** **Мақсат-міндеттері.** Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Оқып беруді қимылдарды көрсетумен сүйемелдеу. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Қимылды үлестіруге үйрету. Балалардың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларын дамыту, ересекке сенімділікті арттыру. - Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету), Міне, жинады тауды (шапалақтау). Міне, ақшақарым-ай (алақандарды ашып, айналдыру), Тоңды саусақтарым-ай (алақандарды бір-біріне қою). Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету), Міне, жинады тауды (шапалақтау), Міне, басты балақай (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді), Аяқпенен тәй-тәй (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді). Д. Ахметова	**Уали Ақерке** **Саусақ жаттығуы. "Қолғап".** **(тіл дамыту және көркем әдебиет)** **Мақсат-міндеттері.** Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Оқып беруді қимылдарды көрсетумен сүйемелдеу. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Қимылды үлестіруге үйрету. Балалардың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларын дамыту, ересекке сенімділікті арттыру. - Қане, қолғапты киеміз, Бір қолды салып көреміз, Екінші жұп қолғапты Киіп алсақ – жарап тұр. Д. Ахметова	**Жаңабай Алихан** **Ермексаздан кесекті екіге бөлу, екі бағанды есу, жалпақтау амалдарын игерту. "Шаңғының жолы".** **(мүсіндеу)** Саусақ ойыны. "Бас бармақ" (Д. Ахметова) (тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика) Міндеттері. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Бас бармақ байтақ, Балаң үйрек – көмек, Ортан терек – бөлек, Шылдыр шүмек – керек, Кішкентай бөбек – көбелек, көбелек.		

Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білуді қалыптастыру. Шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруді үйрету, қабылдау бөлмесінде салмақты болуды үйрету. Сөздік қорды қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу). «Қауіпсіздік». Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту. Киінудің реті бар, Колготтар, шұлық, шалбар. Аяқ-киімнің жабысқағын салу, Содан соң бас киім мен күртешені кию. Бауды байлау, сыдырманы салу, Дұрыс киінгенімізді тексеру. (Д. Ахметова)				
Серуен	**Желді бақылау.** **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)** **Мақсат-міндеттер.** Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: жел. Балаларға жалауларға қарап, желдің соққанын байқауды үйрету; байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелеу. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр	**«Қауіпсіздік». Аулаға ұшып келген құстарды бақылау. Торғай** **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)** **Мақсат-міндеттері.** Аулаға ұшып келетін құстарды (торғайды) бақылауды; торғайдың қимылдарына, дыбыстарына еліктеуге ынталандыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Табиғат объектілерін бақылауда қарапайым қауіпсіздік ережелері сақтауға ынталандыру. Торғай, торғай тоқылдақ, Жерден бидай шоқып ап, Бөтегесі бұлтиып, Шиқ-шиқ етіп отырмақ. Торғай, торғай тоқтаған	**«Қауіпсіздік». Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары).** **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)** **Мақсат-міндеттері.** Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға) бақылауды үйрету. Ауладағы ағаштарға ұшып-қонғанын, қимылдарын, шығарған дыбыстарын анықтауды үйрету. Құстарға жақындамауды қадағалау. Қамқорлыққа тәрбиелеу. Д. Ахметова "Құстар, құстар, келіңдер". Құстар, құстар, келіңдер, Жемді шоқып, теріңдер. Жемді шоқып, тойсаңдар,		

	Барлық сары жапырақты. (Д. Ахметова) **«Қауіпсіздік». "Жалауға жүгір" қимылды ойыны.** **(дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттері.** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүгіру) жетілдіру. Балаларды көрсетілген белгі жалауға қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Балалардың біріне бірі соғылмауын ескеру, қадағалау. **"Шашылған қарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы.** **(дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттері.** Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (домалату) жетілдіру. Балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.	Торғайды торғай мақтаған. Бір торғай ұшса боранда, Бәрі жабылып жоқтаған. **Қимылды ойын. «Күн мен түн»** **(дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттері.** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың бір-біріне қарсы бағытта жүгірмеулерін қадағалау. Тәрбиешінің белгісін мұқият тыңдауды үйрету. Тізе бүгіп, қозғалыссыз отыру. Педагог «күн» деген белгі бергенде, балалар қозғалады, жүгіреді, шапалақтайды. «Түн» деген белгіні бергенде барлығы тоқтап, қозғалмай тұруға тырысады. **"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.** **(дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттері.** Алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойын ойнау. Мақсат-міндеттері. Барлығы бірлесіп ойнауға, ойыншықтарын бөлісуді	Әнді салып беріңдер. **«Қауіпсіздік». "Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны.** **(дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттері.** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету. Балаларға сигналмен қозғалу әдебін үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру. Тышқандар інге сыймайды, Тесіктерден сығалайды. Ешкім жоқ болса олар Аулаға шығып ойнайды. Ай-ай-ай! Тышқандар-ай, Жақындайды мысықай! Шеңберден асыңдар, Қашыңдар! (Д. Ахметова) **"Иреленделеген жолдармен" ойын жаттығуы.** **(дене тәрбиесі)** **Мақсат-міндеттері.** Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға		

	Балалардың дербес ойындары. (қоршаған әлеммен таныстыру) Ойыншықтармен заттық-бағдарлық әрекеттерді, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу, қызығушылықтарды арттыру. **Еңбекке баулу тапсырмалары: серуенге шығарылған ойыншықтарды жинау. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)** **Мақсат-міндеттер.** Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару.	үйрету. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары. **Балалардың дербес ойындары. (қоршаған әлеммен таныстыру)** Ойыншықтармен заттық-бағдарлық әрекеттерді, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу, қызығушылықтарды арттыру. **Еңбекке баулу тапсырмалары: серуенге шығарылған ойыншықтарды жинау. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)** **Мақсат-міндеттер.** Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару.	ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру) жетілдіру. Ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауды үйрету; қимылдар үйлесімдігін жетілдіру. **Балалардың дербес ойындары. (қоршаған әлеммен таныстыру)** Ойыншықтармен заттық-бағдарлық әрекеттерді, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу, қызығушылықтарды арттыру. **Еңбекке баулу тапсырмалары: серуенге шығарылған ойыншықтарды жинау. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)** **Мақсат-міндеттер.** Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару.		
Серуеннен оралу	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіруді қалыптастыру. Сөздік қорды қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу).Сабынымды аламын,				

	Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуам мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сүртемін. Тап - таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін. Тусипжанова-Шагирова А.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, сипаттама беру; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және күрделірек (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) ертегілердің мазмұндары, кейіпкерлер жайында сұрақтарға жауап беруді, өз ойын айтуды үйрету. Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Мақсат-міндеттер. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойымен қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Мақсат-міндеттер. Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды (дөңгелектеу, есу, жалпайту) жетілдіру. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.				
Балалардың үйге қайтуы	"2-3 жасар баланың зейін ерекшеліктері"	"Баланы қандай түстермен таныстыру керек?"	"Қоршаған заттардың түстері және баланың денсаулығы"		

Тексерілді: .

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым «Ақбота» бөбекжай - бақшасы
Топ: кіші топ «Қарлығаш»
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 05.01 - 09.01.2026ж.
Педагогтің аты-жөні А.Халыкова
А.Серикбаева

Апта күндері	***Дүйсенбі*** 05.01.2026ж	***Сейсенбі*** 06.01.2026ж	***Сәрсенбі*** 07.01.2026ж	***Бейсенбі*** 08.01.2026ж	***Жұма*** 09.01.2026ж
«Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады». Абай Құнанбаев					
Балаларды қабылдау	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу (тіл дамыту және көркем әдебиет) Сәлем, балақай! Қалың қалай? Қайдан келесің томпаңдап, Топ-топ басып, асықпай?	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу (тіл дамыту және көркем әдебиет) Келіп қалыпты қонағымыз, Келіп қапты қошақанымыз.		**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. «Күй күмбірі» Күймен балаларды қарсы алу.	**Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу (тіл дамыту және көркем әдебиет) Кім бізге келіп қалды? Кім күнге сәлем салды? Кімнің көзі күлімдейді? Кім "Алақай! дейді? (Д. Ахметова)

	Күлімдеп саған, күн қуат берсін, Бойың биік өссін. (Д. Ахметова)	Қанекей, қонақты қарсы алайық, Сәлем айтайық. (Д. Ахметова			
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	"Баланы қандай түстермен таныстыру керек?"	"Қоршаған заттардың түстері және баланың денсаулығы"		«Заң және баланың құқықтарын қорғау» (ата-аналармен әңгімелесу).	"2-3 жасар баланың зейін ерекшеліктері"
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**«Өнегелі тәрбие»** Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Өсімдіктерге күтім жасау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттер:** Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті су құйғыш арқылы суаруды көрсету. Сөздік қорын еңбек әрекетін (жуу, суару, құю) білдіретін	**«Өнегелі тәрбие»** Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Ойыншықтарды сөреге тізу (құрылыс материалдарды қорапқа салу). (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттер:** Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Сөредегі ойыншықтар мен құралдарды ретке келтіруге тарту; еңбек дағдыларын,		Ұлттық сезім күні «Қауіпсіздік», **«Өнегелі тәрбие»** Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Үлестірмелі материалдарды үстелдерге тарату (немесе жинау). (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттер:** Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ақ (түрлі түсті) парақтарды, төсеніштерді, таратпа	**«Өнегелі тәрбие»** Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. "Асханадағы көмекшілер". (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттер:** Ересектердің еңбегін бақылауға баулу: тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Қасықтарды табақшаның жанына салуды, майлық салғышты үстел ортасына қоюды үйрету. Кейбір ыдыс-аяқты атауға үйрету. **"Қолғап" қимылды жаттығуы.**

	етістіктермен байыту. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. **Міндеттер**: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) **"Қар" саусақ жаттығуы.** (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттер:** Балаларды саусақпен көркем сөз жолдарындағы ырғаққа сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу. Педагог балаларға қардың жауғаны туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсете алады. - Ақ мақтадай ұлпа қар (саусақтарды жыбырлату) Жамылыпты қырқалар. (қолдарды төмен бұлғау) Қалың-қалың тоң киіп, (алақандарды бір-біріне	ұқыптылықты қалыптастыру. Ойыншықтар мен құралдарды тануға, атауға үйрету. **"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы** (мақтаны қолдану). (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттер:** Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді. - Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін. - Ұзақ уақыт қалықтар, Жау, жау енді, Мамық қар! Қ. Мырзалиев Педагог баланың		заттармен табақшаларды таратуға (жинауға) үйрету. Құралдардың қауіпсіздігін қадағалау. **Суреттерді қарастыру. Қолғап** (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, сенсорика) **Мақсат-міндеттері:** Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Сөздік қорларын байыту. Қоршаған әлемге қызығушылықты арттыру. Ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауға ынталандыру. **"Қуыршақты ұйықтатамыз" ойыны.** (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттер:** Заттарды және олармен	(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттер:** Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту. - Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік. - Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау) Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау) Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау) **Дидактикалық ойын «Қоян қайда?».** (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттері:** Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтуға үйрету. Балалардың белсенді сөздік

	уқалау) Маужырайды шыршалар. (қолдарды қосу, ұйықтап қалғанды көрсету) Ш. Әлдибекұлы. **Кір қысқыштармен дамытушы жаттығуы.** «Ақшақар» (сенсорика) **Мақсат-міндеттері:** Балаларды сөздік нұсқауға және үлгіге сүйене отырып тапсырмаларды орындауға ынталандыру; қимылдарды үйлестіруді, қолдың ұсақ моторикасын, «көз – қол» сенсомоторлық кеңістіктік координациясын дамыту; берілген нысанға сай нақты әрекеттерді орындауға жаттықтыру.	әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді. Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес. **"Аққаланы құрастыр" үстел ойыны.** (құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру) **Мақсат-міндеттер:** Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту. Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі ақ түсті дөңгелектерді, көздерін, сәбізден мұрнын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады. Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркем сөзді айтады, қимылдар жасайды. - Аққала денесі дөп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада		әрекеттерді атау. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу), белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (қуыршақты жатқызу) орындауға баулу. Сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) ынталандыру. Балаларды бесік жырларын тыңдауға үйрету. Оқып беруді ойыншықтарды көрсетумен сүйемелдеу. С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!" Әлди, әлди, бөпешім, Ән сап берем, келе ғой. Жыламашы, көкешім, Жұбатқанға көне ғой. Ұйқың келсе, бөлейін, Тербетейін есікке, Қаз-қаз басшы, көрейін, Барып келші есікке.	қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін зат есімдермен байыту. Таныс заттарды атауға, педагогтің өтініші бойынша оларды көрсетуге ынталандыру, қарапайым сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік беру. Балалардың кеңістікте бағдарлау дағдыларын бекіту; ересектің сөзін түсінуін жетілдіру; сөздік қорын кеңейту.

		үлкен шеңберлер сызу) Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу) Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау) Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу.			
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру. 1–1 екі қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу. 1–2 бір қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру, екі қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет). 2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алға екі қолмен ұстап тұру. 2–1 жерге отыру, допты жерге қою; 2–2 бастапқы қалыпқа келу; 2–3 жерге отыру, допты жерге қою; 2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет). 3. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алға екі қолмен ұстап тұру. 3–1 еңкею, допты жерге қою; 3–2 бастапқы қалыпқа келу; 3–3 еңкею, допты жерге қою; 3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).				
Таңғы ас	(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз) **Мақсат-міндеттері:** Жуу алгоритмін бекіту. Ересектің бақылауымен бетін, қолын тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыруды үйрету. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануды үйрету. Тамақ ішкеннен кейін беті-қолды				

	жуғызу. Қанеки, қаздар, қаздар, Суға сүңгіп, шомылыңдар! Шомылып-шомылып, Жұмсақ шөпке қоныңдар! (Д. Ахметова) Балаларды тамақтану рәсіміне баулу. - Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру), Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бүгу), Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау). Алақан су, су (саусақтарды қозғау), Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу), Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау). (Д. Ахметова)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	**"Күй күмбірі": "Егес"** - Әлшекей (орындаған Айгүл Үлкенбаева) «Өнегелі»: Адамдардың, шығарма кейіпкерлерінің жақсы әрекеттері туралы тақпақтар, әңгіме, ертегілерді оқу. Балалардың өзара сенімділігін қалыптастыру; тақырып бойынша немесе өз қалаулары бойынша мүсіндеу, сурет салу.				
	(тіл дамыту және көркем әдебиет) Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу) білдіретін етістіктермен байыту. Қар жауса, қар жауса, Қуанады балалар. Аппақ тау, аппақ шатыр, Бүкіл жерде қар жатыр.	**"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы** (мақтаны қолдану). (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері:** Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға		**«Кәмпитті қағазға ораймыз» дамытушы жаттығуы.** (сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру) **Мақсат-міндеттері:** Балаларды сөздік нұсқауға және үлгіге сүйене отырып тапсырмаларды орындауға ынталандыру; қимылдарды үйлестіруді, қолдың ұсақ моторикасын, «көз – қол» сенсомоторлық кеңістіктік	**Суреттерді қарастыру. Ақщақарлар** (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) **Мақсат-міндеттері:** Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Сөздік қорларын байыту. Қоршаған әлемге қызығушылықты арттыру.

		баулу. - Қарға не болды? - Иә, қар ұшып кетті. Қ. Мырза Әли "Қар". Ұзақ уақыт қалықтар, Жау, жау енді, Мамық қар!		координациясын дамыту; берілген нысанға сай нақты әрекеттерді орындауға жаттықтыру; қол қимылдарының дәлдігін, зейінін дамыту. Құрал-жабдықтар: шағын текшелер, цилиндрлер, шарлар, қағаз.	
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** **"Қыс қызығы қар".** **Мақсат-міндеттер:** Бір орында тұрып қос аяқтап секіру іскерліктерін жетілдіру; балаларды 1 м арақашықтыққа дейін қос аяқтап секіріп жүру дағдыларын дамыту; қос аяқпен секіру кезінде дене тепе-теңдігін сақтауға дағдыландыру; екі баладан жұп құрап, қолдарына доп ұстап 4-5 м жерден бір-біріне қарама-қарсы тұрып, доптарын бір-біріне қарай домалатып тигізу	**Музыка** **"Ақшақармен би билейік".** **Мақсат-міндеттер:** Балалардың музыканы тыңдау барысында жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; қыс мезгіліне қатысты музыканың ырғағы мен сипатына сай үйлесімді қимылдарды жасауға ынталандару.		**Дене тәрбиесі** **"Қыста қандай ғажап".** **Мақсат-міндеттер:** Бір орында тұрып, қос аяқпен ұзындыққа секіру іскерліктерін қорытындылау; балаларды ұзындыққа секіру техникасы дағдыларын бекіту; қос аяқпен секіру кезінде дене тепе-теңдігін сақтауға дағдыландыру; ұйымдастырылған іс-әрекетінде өткен жалпы дамыту және негізгі қимыл жаттығуларын пысықтау.	
	"Салғыш ойыншықтармен" ойындар.	**Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.**		**Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар**	**Сурет салудан ойын-жаттығулар** **"Ақша қар".**

	(сенсорика, тілдамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттер:** Салғыш ойыншықтағы ойықтардың пішіндеріне сай ұсақ бөлшектерді салуға дағдыландыру. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, "көз бен қолдың" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Заттардың түсін, көлемін, пішінін білдіретін сын есімдермен байыту. Не боп қалды? Не боп қалды? Пішіндер шашылып қалды! Қане, жылдам достарым, Орнына орналастыр!	**"Қар".** **Мақсат-міндеттер:** Балаларды Қ. Мырзалиевтің "Қар" өлеңімен таныстыра отырып, қардың табиғи қасиеттері туралы ұғым беру; балалардың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту; балалардың жыл мезгілдеріне деген қызығушылықтарын ояту; ұйымдастырылған іс-әрекетінде мәдени қарым-қатынасты сақтай білуге тәрбиелеу.		**"Қардың қасиеті".** **Мақсат-міндеттер:** Балаларды қардың қасиеттерімен таныстыру; қарды көзбен көру, саусақты тигізу және қармен ойналатын ойындарға қатысу арқылы оны жақынырақ тануға машықтау; қыс мезгілінде ойналатын ойындар кезінде тәртіп ережелерін сақтауға үйрету.	**Мақсат-міндеттер:** Балаларды бормен қысқа сызықтарды айқастырып салып "Ақша қарлар" бейнелерін бүкіл қағаз бетіне салуға үйрету; қар бейнесінің аяқталуын бақылап, дәл сондай бейне жасау қабілетін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетінде достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне және шыдамдылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білуді қалыптастыру. Шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруді үйрету, қабылдау бөлмесінде салмақты болуды үйрету. Сөздік қорды киім, аяққиім, жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу) білдіретін сөздермен байыту.			

	«Қауіпсіздік». Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту. Киінудің реті бар, Колготтар, шұлық, шалбар. Аяқ-киімнің жабысқанын салу, Содан соң бас киім мен күртешені кию. Бауды байлау, сыдырманы салу, Дұрыс киінгенімізді тексеру. (Д. Ахметова)				
Серуен	**Бақылау:** Қысқы шыршаны бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттер:** Балалардың шырша ағашы туралы ұғымдарын қалыптастыру, оның ақ қар астында жасыл болып тұрғанын байқату; шыршаның үшкір қылқандарын ұстатып, жапырақтарға ұқсамайтынына және түсіп қалмайтынына назар аудару; шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу. Педагог балаларды жасыл шырша алдына алып келеді. Аулада шырша өспеген болса, педагог жасанды шыршаны аулаға	**Бақылау:** Қарды бақылау (қардың жерге түсуі). (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттер:** Балаларға қардың жоғарыдан төмен ақырындап түскеніне көңіл аудару, қардың көп болғанын байқату; зейінін, түйсігін, ой-қиялын дамыту. **Көркемсөз:** - Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету), Міне, жинады тауды (шапалақтау). Міне, ақшақарым-ай (алақандарды ашып, айналдыру), Тоңды саусақтарым-ай (алақандарды бір-біріне қою).		**Бақылау:** Қолғапқа түскен ақша қарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттер:** Балаларға қолғапқа түскен, салмағы жеңіл, көлемі кішкентай, ақша қарды бақылауға үйрету; ақша қардың оюға, гүлге ұқсағандығын байқату; көрген құбылыстан жағымды әсер алуға ынталандыру. - Балалар, қолдарыңды созып, алақандарыңды ашыңдаршы. - Қолғаптарға не түсті? - Иә, ақша қарлар түсіп жатыр. - Ақша қарлар оюлы Күн көзіне жылтырайды. Ақша бұлттың гүлдері Баяу ұшып, асықпайды.	**Бақылау:** Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) **Мақсат-міндеттер:** Балалардың табиғат құбылысы, қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру. **Көркемсөз:** - Балалар, бәрекелді! - Қараңдаршы, айналада не жатыр? - Иә, бұл қар. - Қар қайда жатыр? - Айналаның бәрі аппақ. - Жапалақ қар, Армысың? Дүниеде бармысың? Қысқы дала тәуелді, Жау, жау енді! Ұзақ уақыт қалықтар,

	уақытша шығарып қоя алады. - Балалар, мынау не? - Жарайсыңдар, бұл шырша. - Қараңдаршы, шырша ағашы бізге қуанып тұрған сияқты. **Көркемсөз:** "Шырша". Қызық-думан күн келді, Жасыл шырша түрленді. Аяз сүйіп, терленді, Үйге кірді төрледі. Ә. Табылдиев **Еңбек:** «Өнегелі тәрбие». Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинау. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) **Мақсат-міндеттері:** Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Балаларды педагогтің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру.	Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету), Міне, жинады тауды (шапалақтау), Міне, басты балақай (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді), Аяқпенен тәй-тәй (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді). Д. Ахметова **Еңбек:** «Өнегелі тәрбие». Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдарды тазалау. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) **Мақсат-міндеттері:** Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Қауіпсіз әрекет етуді қадағалау.		- Ақша қарлар неге ұқсайды? - Жарайсыңдар, ақша қарлар кішкентай гүлдерге ұқсайды. **Еңбек:** «Өнегелі тәрбие». Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдарды тазалау. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) **Мақсат-міндеттері:** Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Қауіпсіз әрекет етуді қадағалау. **Ойын:** "Қолғап" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері:** Қимылдарды үйлесімді орындауға үйрету. Негізгі қимылдарды жетілдіру. Балаларды	Жау, жау енді, Мамық қар! Қ. Мырзалиев **Ойын:** Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері:** Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету. Негізгі қимылдарды жетілдіру. Балаларға сигнал бойынша жан-жаққа жүгіру және сигнал бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. Пингвиндер ұқсап жүрейік, Оңға, солға теңселейік: Топ-топ-топ, топ-топ-топ, Оңға, солға теңселейік. Ал енді, пингвиндер, тоқта! Қане, жиналыңдар сапқа! Бір-бірімізден қалмаймыз, Сапта жүріп-ай, жараймыз! Д. Ахметова "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттер:**

	Қауіпсіз әрекет етуді қадағалау. **Ойын:** "Шыршаны айнала билейік" қимылды жаттығу. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері:** Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету. Негізгі қимылдарды жетілдіру. Балаларды шыршаға қарап, қызықты қимылдарды жасап, көтеріңкі көңіл-күйге бөленуге баулу. Педагог балаларға алдын-ала безендірілген шыршаны көрсетеді. Шыршаға қараңдар, Таңқалып қалмаңдар. Бұтақтағы ойыншықпыз, Шеңбердегі аюмыз. Енді, біз түлкіміз, Түлкі болып жүрміз. Қоянмен біргеміз, Бірге секіреміз. Балалар педагогтің көрсетуіне еліктеп, жабайы аңдарға тән қимылдарды орындайды.	**Ойын:** «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Түйілген орамал» қазақ халқының ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттер:** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға, ойын ережесін сақтауға, бірлесіп ойын ойнауды үйрету, негізгі қимылдарды жетілдіру. Педагог, жүргізуші юолып, ойынды бастайды: балаларды айналасына жинап алып, бірден үшке дейін дауыстап санайды: «1, 2, 3!» Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Кіші топта педагог ойынды өзі жүргізіп жүреді. **Жеке баламен жұмыс:** "Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)		педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету. - Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау) Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екінші қолды сипау) Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандарымен ары-бері бұраңдау) **Көркемсөз:** Біз татумыз, біз біргеміз, Шапалақтап, секіреміз. Оп-оп! Шапалақ! Секір, секір! Шапалақ! (Д. Ахметова) Жаттығу бірнеше рет қайталанады. **Жеке баламен жұмыс:** «Құс ұясы» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттер:** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым	Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру. **Жеке баламен жұмыс:** "Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттер:** балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. Спорттық жаттығулар. (дене тәрбиесі) Шанамен сырғанау (қардың көлемі жеткілікті, ауа райы сәйкес болған жағдайда): шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету. **Еңбек:** Еңбекке баулу тапсырмалары: серуенге шығарылған ойыншықтарды

	Балықтай жүземіз, Үндемей күлеміз. (Д. Ахметова) «Күн мен түн» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттері:** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың бір-біріне қарсы бағытта жүгірмеулерін қадағалау. Тәрбиешінің белгісін мұқият тыңдауды үйрету. Тізе бүгіп, қозғалыссыз отыру. Педагог «күн» деген белгі бергенде, балалар қозғалады, жүгіреді, шапалақтайды. «Түн» деген белгіні бергенде барлығы тоқтап, қозғалмай тұруға тырысады. **Жеке баламен жұмыс:** "Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттер:**	**Мақсат-міндеттері:** Негізгі қимылдарды жетілдіру. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша ... Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру		қимылды ойындар ойнауға, ойын ережесін сақтауға ынталандыру. Педагог балаларды екі топқа бөледі, екі үлкен шеңбердің ішіне отырғызады. Педагог балаларға: «Құстар ұшады!» деген белгі бергенде, балалар шеңберден шығып, қолдарын жан-жаққа сермеп жүреді. Жерге отырып, саусақтарын тізелеріне тигізіп, жерден дән шоқып жатқандарын көрсетеді. Педагог балаларға «Құстар ұясына қонды!» деген белгі бергенде, балалар шеңбердің ішіне жүгіріп кіреді. Педагог ойын кезінде балаларға бір-бірін итеруге болмайтынын ескертеді. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі) **Мақсат-міндеттер:** алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	жинау. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) **Мақсат-міндеттер:** Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару.

	балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. Спорттық жаттығулар. (дене тәрбиесі) Шанамен сырғанау (қардың көлемі жеткілікті, ауа райы сәйкес болған жағдайда): шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету.	бағыттары ауысады. Спорттық жаттығулар. (дене тәрбиесі) Шанамен сырғанау (қардың көлемі жеткілікті, ауа райы сәйкес болған жағдайда): шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету.		Спорттық жаттығулар. (дене тәрбиесі) Шанамен сырғанау (қардың көлемі жеткілікті, ауа райы сәйкес болған жағдайда): шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету.	
Серуеннен оралу	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіруді қалыптастыру. Сөздік қорды киім, аяққиім, жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу) білдіретін сөздермен байыту. Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру), Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бүгу), Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау). Алақан су, су (саусақтарды қозғау), Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу), Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау). (Д. Ахметова)				
Түскі ас	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыруды үйрету. Ас ішу құралдарын дұрыс ұстауға үйрету. Балалардың тәбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру. Балаларға тамақ ұнайды, Балалар ешқайда асықпайды,				

	Бір жапырақ нанды Үгітпей жейді, "Рақмет" дейді. (Д. Ахметова) Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға ынталандыру.				
Күндізгі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка)		Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. (тіл дамыту және көркем әдебиет) «Әлди-әлди, аппағым» (халық аузынан) Әлди-әлди, аппағым, Қойдың жүні қалпағым, Жұртқа жаман болса да, Өзім сүйген аппағым!	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. (тіл дамыту және көркем әдебиет) «Атасының тақиясы» ертегісін оқып беру.
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) Біртіндеп оянудың жағымды жағдаяттарын ұйымдастыру. Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторларды (ауаны) пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру. Керуеттегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Ұйқымызды ашайық "Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф". "Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу. "Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен алдына-артына тербелу.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық,	Саусақ жаттығуы. **"Біз текшені жинаймыз".** (тіл дамыту және көркем	**"Қар"** саусақ жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет)		**"Нені киесің?"** дамытушы жаттығуы. (қоршаған әлеммен	**«Ұлпақар»** тыныс алу гимнастикасы (мақта) (дене тәрбиесі, тіл дамыту

